# БІЛІМДІ ЕЛ
## ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА
Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті

№6 (404) | сейсенбі | 13 ақпан 2024 Басылым 2014 ж. маусымның 18-інен бастап жарық көреді www.bilimdinews.kz





# Ахылбек КУРИШБАЕВ: Пора уходить от шаблонного подхода к науке!

**Президент Национальной академии наук РК при Президенте РК Ахылбек Куришбаев встретился с ведущими столичными учеными. Местом встречи стал один из передовых вузов страны – Назарбаев Университет. Встреча была с ведущими учеными, членами Национального совета по науке и технологиям при Президенте Республики Казахстан, руководителями вузов и НИИ столицы.**

Цель встречи – построение конструктивного диалога и обмен мнениями с известными учеными по решению актуальных проблем развития отечественной науки и их видение новой миссии АН. Глава Академии акцентировал внимание на вопросах, препятствующих развитию науки в Казахстане, в решение которых ключевой вклад может внести Академия при поддержке всего научного сообщества. «Объединение усилий ведущих ученых, создание условий для конструктивного обсуждения направлений научно-технического развития Казахстана всеми заинтересованными субъектами, ориентация научного потенциала на задачи, эффект от решения которых станет ощутимым на практике, положены в основу новой миссии Академии», – отметил А.Куришбаев.

Во встрече приняли участие более 60 ученых, представляющих разные направления науки. В ходе открытого диалога ими высказаны конструктивные предложения по ключевым вопросам развития научных исследований, а также изложены ожидания научного сообщества от деятельности Академии наук. Встреча прошла в открытой и доверительной обстановке.

Президент Академии посетил инновационные центры и лаборатории Назарбаев Университета. И.о. президента NU доктор Илесанми Адесида отметил: «Изначально задуманный как исследовательский вуз NU уделяет большое внимание исследованиям. Это позволило войти в топ-30 мировых наукоемких университетов рейтинга Times Higher Education всего за 13 лет развития. Также для нас очень важна поддержка новой плеяды казахстанских ученых. Мы намерены наращивать сотрудничество с учеными НАН Казахстана для продвижения отечественной науки и обмена опытом. NU усердно работает над созданием условий для привлечения молодых докторантов трудиться на родине».




– Мы не должны пересматривать, тем более нарушать сложившуюся в стране систему управления наукой, – отметил в интервью журналистам А.Куришбаев. – Академия не должна стать вторым государственным уполномоченным органом, дублировать его, переподчиняя научные учреждения от одного ведомства другому. У современной Академии есть своя уникальная миссия, она должна восполнять те системные пробелы, которые имеются в сфере управления наукой. Академия должна стать центром притяжения как для талантливой молодежи, так и для опытных ученых, способных и желающих вносить значительный интеллектуальный вклад в развитие экономики и общества.

– Одной из главных задач Академии является определение приоритетных направлений проведения научных исследований, – отметил он. – Если проанализировать, как в Казахстане определяются приоритеты развития науки, и сравнить с опытом технологически развитых стран, то можно понять, что в нашей стране они служат больше для распределения финансирования и базируются в основном на возможностях ученых, а не на потребностях страны. В большинстве развитых стран система национальных научно-технологических приоритетов определяется независимыми научно-аналитическими организациями и основывается на результатах крупномасштабных форсайтных исследований, технологического прогнозирования и скаутинга.

На базе АН будет развернута объективная система определения приоритетных направлений развития научных исследований в сопряжении с реальным состоянием экономики, науки и мировыми трендами научно-технологического развития. При этом «важно оценивать не только существующие, но и предстоящие вызовы для экономики и общества».

– Показав, куда развивать науку, нужно определить, как ее развивать, – подчеркнул А.Куришбаев. – Надо отметить, что шаблонный подход с трехлетним периодом финансирования на конкурсной основе ко всем направлениям науки привел к снижению ее результативности, особенно в части фундаментальных исследований. Проблема в том, что в Казахстане не создаются должные условия для фундаментальной науки, которая способствует развитию современных базовых компетенций и служит основой для реализации высокого уровня прикладных разработок, обеспечивает постоянное повышение интеллектуального потенциала страны.

В качестве примера на встрече с учеными приведен опыт финансирования аграрной науки США, где актуальные стратегические исследования финансируются из федерального бюджета на внеконкурсной основе. На такие исследования в 2023 году было выделено 1,9 млрд долларов США, что составило половину всего бюджета.

– Казахстан является частью глобальной экономики. Учитывая высокие темпы роста населения и стоящие перед страной масштабные вызовы, современная казахстанская наука должна в первую очередь стать прагматичной. В этом направлении Академия будет вносить предложения по эффективным механизмам применения новых научных знаний (инноваций) в реальном секторе экономики. Для страны, располагающей огромной территорией, важно развивать региональную науку. И эта работа должна выполняться совместно с местными исполнительными органами. Академия должна выступить «площадкой», открытой для всех заинтересованных сторон, позволяющей реализовать имеющийся потенциал, находить консенсус и направлять ресурсы на наиболее перспективные направления, совмещая объективные возможности ученых с учетом международной коллаборации, с актуальными потребностями реального сектора экономики и общества. Только тогда появятся видимые для всех результаты работы ученых, станет ощутимой отдача от инвестиций в науку.

Глава Академии особо отметил необходимость поддержки молодых ученых: «Основная задача – оказать поддержку молодым талантам в науке, создать необходимые условия для работы молодых научных кадров. Сейчас средний возраст сотрудника с ученой степенью составляет 57 лет и более, 15% сотрудников достигли пенсионного возраста. Поэтому главным приоритетом государственной политики в сфере науки должно стать создание необходимых условий для притока молодых научных кадров».

– Вместе с тем, говоря о молодых ученых, нельзя забывать о тех, кто создавал казахстанскую науку и внес значительный вклад в ее развитие. И сейчас важно использовать опыт ученых старшего поколения, которые способны вносить значительный интеллектуальный вклад в развитие страны. А те ветераны, которые по объективным причинам не занимаются активной исследовательской деятельностью, могут стать почетными членами Академии по аналогии с Академиями других стран.

По мнению президента НАН, «быть действительным членом Академии – это не только почетное звание, но и большая, напряженная работа, направленная на повышение позиций отечественной науки до современного мирового уровня. В соответствии с действующим законодательством академиками могут стать ученые, имеющие выдающиеся достижения в области науки, избираемые в порядке и на условиях, определяемых уполномоченным органом в области науки».

Между тем, до сих пор на законодательном уровне не определен статус Национальной академии наук при Президенте Республики Казахстан как высшей научной организации, не регламентированы ее форма управления, функции и направления деятельности, а также источники финансирования.

– Все эти вопросы нашли отражение в разработанных нами предложениях к проекту закона Республики Казахстан «О науке и технологической политике», которые недавно были внесены на рассмотрение Мажилиса Парламента Республики Казахстан, – сообщил Ахылбек Куришбаев. – За предыдущие 30 лет не было предложено ни одной эффективной стратегии развития науки, нацеленной на результат, с действенными инструментами ее финансирования. Мы все это время работали на скорость, где главным принципом работы было достижение быстрых побед и получение быстрых результатов. Разумеется, в таких условиях казахстанская наука не могла развиваться должным образом. Благодаря активной позиции Главы государства К.К. Токаева сегодня развитию отечественной науки уделяется беспрецедентное внимание. Сейчас для ученых создаются все условия, о которых мы ранее только мечтали, остается правильно выстроить стратегию развития науки и обеспечить ее качественную реализацию.

**Ляззат ТУРКЕСТАНОВА**

БАТЫС ӨҢІРІ ДИРЕКТОРЛАРЫНЫҢ ФОРУМЫ

# Білім беруді дамытудың өзекті мәселелері талқыланды

**Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстарының 1200-ден астам мемлекеттік мектеп директорлары, білім бөлімдері мен басқармаларының басшылары «Заманауи мектепті басқару: трендтер және болашақ» форумында бас қосты. Smart Bilim мектебінің базасында олар үшін диалог алаңы ұйымдастырылып, жиынға қатысушыларға білім беру саласындағы бақылау және мониторинг шараларының қорытындылары және биылғы жылға арналған жоспарлар туралы айтылды.**



TEDx форматындағы интерактивті сессияға ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысты. Ведомство басшысы педагогтерді толғандырған сауалдарға жауап беріп, білім беру сапасын одан әрі арттыруға негізделген бес негізгі бағытқа тоқталды. Атап айтсақ: білім берудегі менеджментті нығайту және басшылардың кадрлық резервін қалыптастыру, педагогтерді даярлау және қайта даярлау тәсілдерін жетілдіру, оқу бағдарламаларын жаңарту, инфрақұрылымды кешенді жақсарту, сапаны бағалаудың ұлттық жүйесін трансформациялау.

– Білім жүйесіндегі кадрлық әлеуетті арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мықты менеджерлерді іріктеу және даярлау үшін «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы басталды. Іріктеудің барлық бес кезеңінің қорытындысы бойынша Республикалық кадр резервіне 208 кандидат өтті. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби даму жүйесі түбегейлі өзгеруде. Ынталандыру мақсатында жұмыс істеп жүрген тәжірибелі топ-менеджерлер «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелге 3-6 айлық тағылымдамаға жіберіледі. Педагогтерді қолдау шаралары жалғасады. Осы жылдан бастап білім беру қызметкерлерін көтермелеу жүйесі, сондай-ақ білім беру ұйымдары басшылары мен олардың орынбасарларының жалақысы қайта қаралатын болады, – деді Ғани Бектайұлы.

Бұл форумға барлығы бір мың екі жүзден астам білім беру ұйымдарының басшылары қатысты. Олар күні бойы білім сапасын арттыру бойынша тәжірибе алмасып, біліктіліктерін шыңдады. Сондай-ақ, менеджердің басқару құзыреттері, кадрлық әлеуетті дамыту, НҚА қабылдайтын және білім беру саласындағы маңызды бағыттар бойынша тренингтерге қатысты. Естеріңізге сала кетейік, барлық өңірді қамту үшін директорлар форумы бес аумақтық бөлімшеге бөлінді.

Бұған дейін министр Астана және Алматы қалалары, Түркістан, Алматы, Жетісу, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Абай, Ұлытау, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының мектеп директорларымен кездесулер өткізген болатын. Қорытынды басқосу Шымкент қаласының, Қызылорда және Жамбыл облыстарының білім беру ұйымдарының басшыларымен өтеді деп жоспарлануда.

**Ақтөбе облысы
білім басқармасының
баспасөз қызметі**

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

# Ауыл балаларына – жаңа мектеп

**Облыстағы соңғы апаттық мектеп – Павлодар ауданына қарасты Сычевка ауылындағы білім мекемесінің орнына жаңа оқу орны салынды. Таяуда заманауи білім ғимаратының ашылу салтанаты өтті. Мектеп барлық керекті құрал-жабдықтармен жасақталған. Сөйтіп, биыл облыстағы үш бірдей апаттық мектептен арылып, оқушылардың игілігіне заманауи ғимараттар салынды.**

Сычевка ауылындағы бұрынғы мектеп ғимараты осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын салынған еді. 1975 жылы қабырғасы қаланған бір қабатты оқу орнында спорт және мәжіліс залы, асханасы болған жоқ. Жылдар өте келе есік-терезелері әбден тозып, қабырғасы сөгіліп, апаттық жағдайда деп танылды. Мұнда білім алу ауыл балалары үшін мұң еді.

Абырой болғанда, биыл инвесторлардың қолдауы нәтижесінде заманауи мектеп салуға мүмкіндік туды. Аз уақыт аралығында 120 балаға лайықталған, соңғы үлгідегі құралдармен қамтылған білім ордасы бой көтерді. Оның салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Асайын Байханов, инвесторлар, ауыл тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы оқушыларға жақсы білім алып, зор жетістіктер мен табыстарға жетуге тілектестік білдірді.

– Мемлекет басшысы «Еліміздің дамуы жас ұрпаққа байланысты» деп атап өткен болатын. Біз оқу орындарының инфрақұрылымын жаңартуға көп көңіл бөлудеміз. Сычевка ауылындағы мектеп – аймағымыздағы апатты жағдайдағы ескі ғимараттардың орнына салынған үшінші мектеп. Біз осы жылы да басқа елді мекендерде мектептер мен балабақшалар салуды жалғастырамыз. Бұл біздің балаларымыз үшін ауылда жайлы жағдай жасаудың тағы бір қадамы болмақ, – деді Асайын Қуандықұлы.

Бұл ретте өңір жетекшісі ERG тобының акционерлеріне алғысын білдірді. Себебі жаңа мектептің құрылысы ERG мен Павлодар облысының әкімдігі арасында жасалған меморандум аясында қолға алынған еді. Жобаға салынған инвестиция 1,08 млрд теңгені құрады. Екіқабатты ғимараттың ауданы 1498 шаршы метрді алып жатыр. Мұнда заманауи жабдықтармен қатар STEM-зертхана, IT, робототехника және 3D-модельдеу сыныптары бар.

Сондай-ақ, Led-дисплейі бар мәжіліс, спорт залы, асхана және кітапхана қарастырылған. Цифрлық микроскоптар мен виртуалды-цифрлық зертхана сатып алынды. Сондай-ақ, мектепте «Еркетай» шағын орталығы мен мектепке дейінгі білім беру орталығы ашылды.

– Кейде «Аз ғана бала білім алатын ауылда қомақты қаржыға осындай мектеп салудың қажеті бар ма?» деген сауалдың туындайтынын байқаймын. Қажеті бар! Себебі, оқушылардың қауіпсіздігі бәрінен жоғары. Қазір мұнда 75 бала оқиды. Елді мекеннің облыс орталығына жақын орналасқанын ескерсек, шәкіреттердің саны көбейе түседі деген үміттемін, – деді аймақ басшысы. Айта кетейік, былтыр облыста елу төрт білім беру мекемесі жаңғыртудан өткен еді. Биыл отыздан астам мектеп жөнделеді.

**Павлодар облысы
білім басқармасының
баспасөз қызметі**




ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

# Білім басқармасының кеңейтілген алқа мәжілісі




**Аймақ жетекшісінің бірінші орынбасары Календеров Нұржан Сәбитұлының төрағалығымен облыстың білім саласында 2023 жылы атқарылған жұмыстардың қорытындысы және 2024 жылға арналған міндеттер туралы білім басқармасының кеңейтілген алқа мәжілісі ұйымдастырылды.**

Алқа мәжілісіне облыс әкімдігінің басқарма басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, республикалық бағыныстағы мекеме басшылары, ардагер ұстаздар, білім бөлімдері мен білім мекемелерінің басшылары, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жиын облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нысанбаев Мұхит Аманқұлұлының баяндамасымен бастау алды.

Ол сөйлеген сөзінде облыстағы білім саласындағы ауқымды жұмыстар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында», ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігімен бірлескен «Жамбыл облысының 2023-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту» бойынша өңірлік жол картасында белгіленген көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылып жатқандығын жеткізді.

– Былтыр өңір оқушылары мен педагогтерінің жетістіктеріне, жеңістеріне толы жемісті жыл болды. Республикалық ғылыми жобалар жарысында облыс командасы он төртінші жыл қатарынан «Ең үздік команда» атағын иеленді. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша өткен республикалық олимпиадада Жамбыл облысының командасы жүлделі бірінші орынды иеленіп, «Ең үздік команда» болып танылды. Сондай-ақ, республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша 100 үздік мектептердің ресми рейтингіне аймақтағы жеті білім беру ұйымы енгізілді. Облыстың оқушылары республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларда 359 медальдарды иеленді, – деді жамбылдық бас ұстаз.

– Биыл тұңғыш рет ауыл мектептері оқушыларының арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада өтті. Олимпиаданың республикалық кезеңіне қырық тоғыз шәкірт қатысып, отыз үміткер арнайы жүлдемен оралды. Облыс әкімінің қолдауымен өткен жылы 43 оқушыдан жасақталған өңірдің құрама командасы жаратылыстану-математикалық бағыттағы пән олимпиадасына дайындық мақсатында оқу-жаттығу жиындарына қатысты. «Worldskills» республикалық чемпионатына жиырма үш құзыреттілік бойынша 25 студент қатысып, он алтысы жүлделі орынға ие болды. Оның екеуі алтын және қос күміс болса, он екісі «Үздік маман» медальон иегері атанды. Республикалық, халықаралық байқауларда 81 педагог жеңімпаз атанса, алты ұлағатты ұстаз республикалық «Үздік педагог» байқауынан олжамен оралды. Өткен жылы білім саласында көптеген ауқымды жұмыстар атқарылса, биылға белгіленген жоспар айқын, міндет зор.

Жиын барысында Нұржан Сәбитұлы атқарылған жұмыстар бойынша білім бөлімдерінің басшыларына бірқатар сұрақтар қойып, кемшіліктердің алдын алу, жұмысты жүйелі жүргізу мақсатында тапсырмалар берді. Жамбыл облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Дамеш Шайхықызы білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау бойынша сөз қозғады. Алқа мәжілісінің соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров білім саласындағы 2024 жылға арналған міндеттерді жүзеге асыру бойынша алқа мәжілісінің жұмысын қорытындылады.

**Жамбыл облысы
білім басқармасының
баспасөз қызметі,
Тараз қаласы**

ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

# Биологиядан беделді халықаралық олимпиада

**Астана қаласында шілде айының 7–14-күндері аралығында биологиядан IBO-2024 35-ші халықаралық олимпиадасы өтеді. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев айтты.**




Халықаралық биология олимпиадасы (IBO) – әлем елдерінің орта мектеп оқушылары арасындағы ең бәсі жоғары бәсеке және білім саласындағы ең ауқымды шаралардың бірі. Қазақстандық мектеп оқушылары ғылыми жарысқа 1996 жылдан бері қатысып келеді. Осы уақыт ішінде олар екі алтын, 20 күміс, елу төрт қола медаль және 14 құрмет грамотасын жеңіп алды. Бұл жоғары көрсеткіштер. Қазақстанның мұндай беделді іс-шараны өткізу орны ретінде таңдалуы да сондықтан. Биылғы олимпиадаға 80 елден үш жүз елу оқушы қатысады деп күтілуде. Додада 40-тан астам жүлде талассқа салынады. Еліміздің құрама командасы сапында төрт оқушы бар.

– Оқу жылының басынан бастап олимпиада тапсырмаларын халықаралық деңгейде әзірлеу бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Тапсырмалар биохимия, молекулалық биология, биоинформатика, анатомия және жануарлар физиологиясы саласын қамтиды. Бүгінгі таңда биологиядан Қазақстанның олимпиадалық құрамасы алдағы жарыстарға қызу дайындалып жатыр, «Дарын» орталығында оқу-жаттығу жиындары өтуде. Олимпиада аясында қазақстандық педагогтер үшін биологиядан олимпиада есептерін шешу бойынша шеберлік сабақтары, семинарлар және әлемнің жетекші ғалымдарының ғылыми-тәжірибелік конференциялары өтеді, – деді комитет төрағасы.

Еске салайық, былтыр қараша айында бейіндік ведомствоның жетекшісі Ғани Бейсембаев пен IBO Халықаралық ұйымдастыру комитетінің төрайымы Ленка Либусованың кездесуі өткен болатын. Тараптар зияткерлік сайысты ұйымдастыру мәселелерін, сондай-ақ қазақстандық білім беруді дамыту перспективаларын талқылады. Жалпы, былтырғы жылы қазақстандық оқушылар халықаралық олимпиадаларда 580 медальға ие болды.

Жиырма үш медальді ең беделді жеті әлемдік олимпиадада жеңіп алған: IMO, IPhO, IBO, IOL, IChO, IGeO, IOI. Оларға біржолғы ақшалай сыйлық берілді: алтын медаль алғандарға – 1500 АЕК, күміс үшін – 1000 АЕК, қола үшін – 500 АЕК, сондай-ақ оларды дайындаған педагогтерге базалық жалақының 8,5-тен 26,5 еселенген мөлшерінде сыйақы төленді.

# Ақпараттық білім беру науқаны басталды

**ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан ЮНИСЕФ ұйымымен бірлесіп, балаларды цифрлық ортада қорғауға бағытталған «Кибер тұмар» ауқымды науқанын бастады. Бұл бастаманың мақсаты – балаларға интернетті қауіпсіз пайдалануды және ықтимал тәуекелдерді басқаруды үйрету.**

«Кибер тұмар» түрлі қауіп-қатерлер кезінде әрекет етудің базалық алгоритмдері бар әлеуметтік плакаттарды, сарапшылардың практикалық кеңестері бар материалдарды, білім беру роликтерін және тағы басқаларды қамтитын ақпараттық құралдар кешені. Науқан кибербуллинг, балалардың интернетте сексуалды сипаттағы қудалануы, балаларға арналған жағымсыз және тыйым салынған контент, балалар қауіпсіздігі мен құпиялылығының цифрлық тәуекелдері, балалар интернет-тәуелділігі және т.б. сияқты онлайн қауіп-қатерлерге шоғырланады.




– Интернет – тек ақпараттың ғана емес, коммуникацияның да құралы. Сондықтан, кішкентай кезінен бастап адамға осы құралдардың мүмкіндіктерін барынша тиімді және мейлінше аз нұқсан келтіре отырып пайдалануға үйрету керек. «Кибер тұмар» ақпараттық-білім беру науқанын өткізу – балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін, ата-ананың баланың онлайн ортада ақпаратты таңдауға деген «иммунитетін» қалыптастыру жауапкершілігін күшейтуге көмектесетін маңызды және заманауи шара, – дейді ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанова.

Айта кетейік, бұған дейін Комитет «Kazakhstan Kids Online. Қазақстандағы балалардың цифрлы өмірі» тақырыбында балалардың ақпараттық қауіпсіздігі саласындағы өзекті мәселелерді шешу үшін «Ата-ана бақылауы» бағдарламасын пайдалануға арналған ауқымды науқан өткізген болатын.

# Жемқорлардың қаржысына жиырма мектеп

**Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен он бес мыңға жуық оқушыға арналған 20 жаңа мектеп салынады. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Жемқорлардан тәркіленген қаражатқа салынатын білім беру нысандарының тізімі ведомствоның сайтында жарияланған.**

Оған мыналар кіреді: апатты мектептерді ауыстыратын 2740 оқушыға арналған бес мектеп құрылысы (екі ауысымда); үш ауысымда оқытуды жою үшін 1200 орындық бір мектептің құрылысы (екі ауысымда); оқушы орынының тапшылығын жою үшін 8976 оқушыға арналған он бір мектептің құрылысы (екі ауысымда); тозығы жеткен мектепті ауыстыратын екі жүз орындық 1 мектептің құрылысы (екі ауысымда); екі мектепке қосымша корпустар салу (мәжіліс және спорт залдары, асханалар).

Шымкент қаласында, Жетісу және Қызылорда облыстарында үш мектептен, Жамбыл облысында төрт мектеп, Астана қаласы мен Алматы облысында екі мектептен, БҚО, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында бір мектептен салынады. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан былтыр 96 миллиард теңгеге 76 мың 738 оқушы орнына арналған алпыс екі жоба қаржыландырылған болатын. *(Жасанды интеллект фотоиллюстрациясы).*



# Студенттердің мектептердегі еріктілік қызметі



**Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі өткен жылғы қарашада мектеп оқушылары үшін қолайлы және дамытушы білім беру ортасын құруға белсенді жәрдемдесу мақсатында «Менің бауырым» еріктілер жобасына бастамашылық етті.**

Еріктілер қатарында педагог, психолог, әлеуметтік педагог, заңгер, IT мамандықтары бойынша 3–4-курс студенттері болды. Волонтёрлік жоба аясында Астана қаласында жоғары оқу орындарының 700 ерікті студенті пилоттық режимде «Жобалау қызметін жоспарлау», «Еріктілер жұмысында оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу», «Ерікті студенттердің балаларды бақылау дағдыларын дамыту», «Әлеуметтік жобалар мен практикалар», «Коммуникация дағдыларын дамыту және пайдалы әдеттерді қалыптастыру» тақырыптары бойынша оқудан өтті. Биылғы ақпан айының бесінен бастап студенттер мектептерде еріктілер қызметін бастайды.

ЮБИЛЕЙНОЕ ИНТЕРВЬЮ

# Солнечная энергия Мухтасифа БЕКТЕНОВА

## Встреча в редакции «Білімді ел – Образованная страна» с известным ученым, одним из первых начавшим изучать в республике гелиоэнергию, замечательным, прекрасным человеком, настоящим патриотом

**В преддверии 85-летнего юбилея профессор, доктор технических наук Бектенов Мухтасиф (Латиф) Бектенович посетил редакцию газеты «Білімді ел – Образованная страна». Разговорились. Беседа длилась долго, интересно, захватывающе, и в результате получилось это интересное, живое и во многом, уверена, познавательно полезное для наших читателей интервью. Вся жизнь связана с наукой и системой отечественного высшего образования. В современном мире уже никого не удивишь информацией о преимуществах солнечной энергии. Много ученых и исследователей, целые институты и международные корпорации используют неиссякаемую энергию солнца во всех сферах человеческой жизнедеятельности, но Латиф Бектенович одним из первых ученых в нашей республике еще в 1967 году (!) начинал заниматься этой областью науки о преобразовании гелиоэнергии, ее использовании в производстве. Многие десятилетия казахстанский ученый скрупулезно, настойчиво разрабатывал перспективную тему, внося достойный вклад в ее развитие. Профессор и сегодня в строю, читает студентам интересные лекции, готовит и выпускает учебные пособия, опубликовывает научные статьи. Об этом и многом другом – вашему вниманию.**



За вклад в образование и науку страны Латиф Бектенов награжден рядом наград: медалью и дипломом Академии наук СССР в 1964 году, в 1997 году — «Отличник образования Республики Казахстан», в 2009 году получил медаль и диплом «Лучший преподаватель вуза Республики Казахстан». Обладатель гранта Министерства образования и науки Республики Казахстан в 2010 году. Академик Российской академии педагогического образования и Международной академии информатизации

**– Латиф Бектенович, расскажите о своем пути в научном мире, как увлеклись вопросами солнечной энергии?**

– Я родился 19 февраля 1939 года в селе Дашин Денгизского района (ныне Курмангазинского) Гурьевской (Атырауской) области. В 1961 году закончил физико-математический факультет Казахского педагогического института имени Абая в Алматы и получил диплом по специальности «Учитель физики и основы производства». Как перспективного молодого специалиста по решению ректората учебного заведения и научных советов факультета меня оставили на кафедре физики в должности ассистента. В 1961 году при Казахском педагогическом институте имени Абая открылся филиал научного отдела по наблюдению за искусственным спутником, расчету траектории Астрофизического института Академии наук СССР. Меня назначили на должность заместителя руководителя этого отдела, также я занимался одновременно преподавательской работой. Через полтора года повысили в должности, я стал начальником вышеназванного отдела. В 1964 году избрали на ассистентскую позицию по конкурсу на должность старшего преподавателя и назначили деканом подготовительного отделения, открывшегося в этом году в институте, обучающего поступавших в высшие учебные заведения. В 1967 году я сдал экзамен в целевую аспирантуру Московского государственного университета (МГУ), занимался теорией преобразования солнечной энергии в электрическую и тепловую через тонкий полупроводниковый слой. Энергетический институт имени Г.М. Кржижановского Академии наук СССР впервые начал изучать проблему использования солнечной энергии в советское время. Я проводил в этом институте лабораторные исследования под руководством научного руководителя, известного во всем мире специалиста по гелиотехнике и гелиоэнергетике, академика Валентина Алексеевича Баума. В данном направлении мне оказывали поддержку и наставничество известные ученые, заведующий кафедрой теоретической оптики МГУ, доктор физико-математических наук, профессор Ф.А. Королев, также профессора Б.А. Гарф и А.В. Шеклеин.

Наведите на QR код и увидите видео интервью (встречи, моментов события)

Годы обучения в аспирантуре, а затем в докторантуре в Москве оказали огромное влияние на становление меня как вдумчивой личности, не только с научной точки зрения, но и с морально духовными ценностями. Именно в те годы осознал, что все в этом мире начинается с открытия источника, и те знания, которые я обретал в процессе новых открытий, были для меня дороги и важны. Моя наставница А.А. Исмаилова, которая защитила первую в Казахстане кандидатскую диссертацию, стала кандидатом технических наук по солнечной энергии в Москве. Если вспомнить об истоках научного увлечения, впервые в 1959 году меня заинтересовала технология сушки фруктов с помощью солнечного света и гелиоустановкой, расчет теории теплообмена. С тех пор моим объектом исследования, ядром научной жизни стала солнечная энергия, ее преобразование, использование в производстве. В 1972 году я защитил кандидатскую диссертацию технических наук на тему «Исследование эффективности избирательных покрытий в солнечных водонагревателях», далее в 1975-ом решением Высшей аттестационной комиссии (ВАК) СССР мне был присвоен диплом доцента.

**– Интересна история вашей деятельности в вузовской системе нашей страны – можете рассказать подробно?**

– Да, конечно, с 1972 по 1979 год на кафедре физики Казахского педагогического института имени Абая меня назначили доцентом и первым заместителем председателя профсоюзной организации института, параллельно руководил студенческим научным обществом факультета и института. В 1980 году прошел конкурс на должность заведующего кафедрой физики Алматинского ветеринарного института, затем в 1989 году стал заведующим кафедрой физики Алматинского института автомобильных дорог. В 1996 году в соответствии с политикой укрупнения и реорганизации учебных заведений Министерства науки и образования Правительством Казахстана транспортные институты в Алматы объединили в Казахскую академию транспорта и коммуникаций имени М.Тынышбаева. В том же году я был избран на основе конкурса на должность заведующего кафедрой объединенной физики этой академии. Видимо, учитывая мой опыт, профессионализм и организаторские способности в сфере образования и науки, коллективом Академии в период с 1998 по 2005 учебный год был избран проректором по учебно-методической работе данного вуза.

С 2002 по 2005 годы работал на общественных началах заместителем председателя учебно-методического управления Министерства образования и науки. В 2005 году меня пригласили в Центрально-Азиатский университет на кафедру физики и инженерных дисциплин и в научный секретариат. Работал здесь до 2010 года, с 2011 по 2013 год являлся профессором Казахского национального аграрного университета, с 2013 года

– профессором кафедры физики Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина в Астане, в настоящее время работаю в Казахском университете технологии и бизнеса.

**– Одновременно продолжались все годы научная кропотливая работа, написание книг, учебников, монографий…**

– Я закончил свою первую докторскую диссертацию на тему «Образование солнечной энергии в электрическую энергию» в 1987 году, но, к сожалению, не дошел до Совета по защите диссертации из-за смерти моего научного наставника и советника В.А. Баума, а также из-за изменений в Академии наук СССР. Получив от Академии наук СССР новую докторскую тему, не имеющую отношения к первой диссертации, я закончил ее в 1996 году под названием «Оптические задачи в трудах ученых средневекового Востока». Однако она также не дошла до защиты по не зависящим от меня обстоятельствам.

В 2009 году за докторскую диссертацию на тему «Теория и практика разработки экологической технологии строительства дорог с использованием солнечной энергии» я получил диплом доктора технических наук. 27 октября 2011 года решением Комитета контроля при Министерстве образования и науки Республики Казахстан мне присвоено ученое звание «профессор».

Под моим научным руководством защитились семь кандидатов наук, три докторские диссертации. Являюсь научным руководителем работы на тему «Научно-методическая разработка учебных и учебно-методических работ», выполняемых за счет государственного бюджета, будучи руководителем хозяйственной согласованной научно-производственной работы «Экологическая паспортизация железнодорожных и автотранспортных предприятий» составлен экологический паспорт на железнодорожные, автотранспортные учреждения многих областей республики.

Кроме того, издано 5 монографий, 7 учебников, 18 учебно-методических пособий, опубликовано более 230 научно-популярных статей, в том числе многие за рубежом. Хотел бы отметить некоторые из них: «Использование солнечной энергии при строительстве дорог» (Алматы, 2002), «Солнце – источник энергии на Земле» (Алматы, 2008), «Технология строительства дорог с использованием солнечной энергии» (Алматы, 2012). Все мои научные работы и монографии свидетельствуют о том, насколько полезна солнечная энергия для производства и каждодневного быта.

**– Латиф Бектенович, вы долгие годы преподаете в вузах. И до сих пор читаете своим студентам лекции на казахском и русском языках. Как удается на протяжении многих лет привлекать интерес молодых людей к изучению фундаментальных дисциплин? Может, есть свой секрет, свои фишки?**

– Да какие секреты? (улыбается – **авт.**). Во-первых, огромное спасибо моим коллегам в вузе, в целом в системе высшего образования, которые доверяют мне и сегодня работу со студентами, верят в меня как в ученого, в преподавателя и просто представителя старшего поколения, который может приносить пользу через призму своих лет, мудрости, жизненного человеческого и профессионального опыта. И главное, я очень люблю науку и хочу, чтобы молодое поколение также осознавало значимость точных наук. Доношу законы физики через примеры практического применения, прикладной характер. Для этого, кроме преподавания, я помогаю им всевозможными способами постичь непростой мир науки. В частности, в нашей стране чувствуется нехватка специализированной учебной литературы, поэтому у меня много времени и сил уходит на ее разработку и подготовку – приятно осознавать, что данные труды востребованы молодыми людьми, очень много хороших отзывов. Горжусь, что спросом пользуются мои авторские учебники, пособия и методическая литература, написанные для студентов высших учебных заведений Республики Казахстан. Впервые написанный мной на государственном языке для технических вузов «Курс физики» был опубликован в 1996 году, утвержден решением Министерства образования и науки РК в качестве учебника.

Также впервые написанный для таможенных специальностей в области экономики и транспорта «Курс физики» (Алматы, 2003, «Бастау») был утвержден учебником для этих специальностей. За последние годы впервые в Казахстане мною подготовлена и издана книга «Решение задач по физике» (Алматы, 2005, изд. «Наука»), которая получила Гран-при республиканского конкурса монографий, учебников, учебных пособий, организованного Министерством, и утвержден Советом Министерства образования и науки Республики Казахстан учебником для технических вузов. Здесь представлено около 2 тыс. решений задач, к тому же их ответы в тестовом варианте. Данный учебник по предложению Министерства был дополнен автором на казахском языке и утвержден в 2014 году учебником для технических вузов. Также Министерством в 2011 и 2012 гг. были изданы учебные пособия «Как решить задачи физики» 1,2 том (16 т. р., 22 т. р., Алматы). В период с 2001 по 2004 годы работал в коллегии авторов, разрабатывающих государственный стандарт обучения в вузах республики по таким специальностям, как транспортная отрасль, физика. Являюсь автором двух изобретений, в частности «Солнечный коллектор». В области общественной работы трижды (1978, 1983, 1994 годы) в республиканском туре Всесоюзной олимпиады по физике «Студент и научно-технический прогресс» являлся членом жюри, членом терминологической комиссии по физике при Министерстве, членом отраслевого редакционного совета Казахской советской энциклопедии, членом учебно-методического объединения технических вузов и секции физики.

Также я в течение всей жизни принимал активное участие в общественной жизни. В частности, в 1960-70 годы XX века в республике функционировало общество «Знание». Меня пригласили читать лекции, и я много ездил по районам и областям. Кроме того, в тот же период при Гостелерадио действовало учебное телевидение по физике и математике в помощь школьникам, абитуриентам. Читать лекции по физике доверили мне. Это был для меня интересный опыт и польза для людей.

**– Помимо научной, преподавательской деятельности вы всю жизнь помните, изучаете, храните память о своих корнях, родителях, братьях, сестрах, деде, прадеде, знаете свои корни глубоко и скрупулезно. Что вам дает эта память и чем она важна для вас?**

– Уверен, у каждого человека есть свои истоки, корни, которые святы для него. Ну, по крайней мере у каждой разумной личности... Независимо, какое человек занимает место в жизни, какую занимает должность. По сути все мы тем, что имеем, обязаны своим предкам. Мои предки были султанами, биями, правителями на своих территориях. Например, прадед Макаш, который родился в 1830 году, жил на астраханской земле и был официально российской царской властью оглашен правителем на ней. Он был поэтом, писал книги, владел тремя иностранными языками, его произведения из 61 тома находятся в Санкт-Петербурге и в библиотеке Салтыкова-Щедрина. Мой предок в пятом колене Туркие был бием, обладал экстрасенсорными способностями, лечил людей. Вообще я глубоко убежден, что любой человек в большей мере обязан своим генам, своим предкам. Генная способность, генетический потенциал плюс тренировки ума и тела, желание отрицательную генную память (если таковая имелась) перерастить в положительную, стремление приносить пользу себе и людям – это здорово.

**– А ваши родители – какие они были? Какие привычки, которые вам они прививали с детства, остались с вами по сей день?**

– О, мои родители были замечательные, прекрасные люди. Наша семья жила в Денгизском (ныне Курмангазинском) районе Атырауской области. Родители и все мои старшие братья, сестры, женгелер звали меня ласково «қоржын түб». Как известно, на дне қоржына всегда самые сладкие сливки, масло. Такой у них была ассоциация со мной, так по-особенному меня любили как самого последнего кенже бала. Сейчас я это вспоминаю тепло и нежно, до слез...

Мой отец Бектен Сандыбайулы воспитывал нас в строгости с детства, был справедливым и честным. Помню, в детстве нас, малых детей, он учил Корану, арабскому языку. Тогда я думал про себя, ах, лучше б он дал нам на улице лишний раз поиграть, с годами понял, как же он был прав. Он говорил: «Вся кладезь знаний, все основы жизни, науки – в Коране. Если вы будете читать Коран и жить по его заповедям, вы никогда не будете обманывать, воровать, унижать, никого не будете заставлять плакать, все ваши действия видит Аллах». Спасибо отцу! Плоды его настойчивого воспитания, требовательности я воспринимаю с великой благодарностью. Мое имя тоже связано с исламом: что первое – Мухтасиф, что второе – Латиф. Так, Латиф – одно из 99 известных людям имен Аллаха. Значение имени Мухтасиф – справедливый, Латиф – нежный, интеллигентный. И всех моих братьев отец тоже назвал по Корану. Наша мама Рысты, спасибо ей большое, родила 8 детей. Привычки с детства? Например, отец нам с детства внушил, что «шошқанын етін жеуге болмайды», и, учась в Москве, в столовой МГУ я привык на обед есть только простоквашу с булочкой, чтобы, не дай бог, не нарушить ненароком наставления отца. Привычка есть мало осталась навсегда. Открою вам один секрет моего питания: завтрак – только 3-4 ложки каши, я люблю рисовую, два стакана чая. Никогда не обедаю. Мой организм к этому давно привык, и никакого чувства голода я не испытываю, а ужин обязательно, но не позже 21.00 вечера, и никакого переедания. Умеренное питание считаю одним из факторов здоровья и долголетия. В молодости я занимался спортом, имел разряд по боксу, в течение жизни – на постоянной основе спортивной зарядкой. Сейчас я делаю просто зарядку утром или вечером. Никогда в жизни не курил, пью очень дозированно, в карты не играю. Это тоже отец накрепко заложил – неприятие вредных привычек.

**– По какой стезе пошли ваши родные братья, сестры? Какими вы их запомнили?**

– Три сестры умерли раньше, нас оставалось пятеро. Два брата, две сестры и я. Старшая Қабижамал апам очень хорошо пела, ее супруг – наш жезде, был секретарем Гурьевского обкома партии, авторитетный, уважаемый, прекрасный человек. Вторая сестра Мугулсін – одна из первых директоров школ в Казахстане! Она была талантливый педагог, еще превосходно пела, писала и читала стихи. Старшего моего брата звали Зариф, он был настоящий фанат-сочинитель, который любое событие, любой факт описывал стихами, душа его фонтанировала красивыми, изысканными словами. А еще больше он, историк по образованию, был фанатом-краеведом. Он всю жизнь увлекался сбором, покупкой за свои личные средства предметов старины, национальной одежды, утвари, старых казахских предметов интерьера, быта, снаряжения лошадей. И всем, кто отговаривал его, цокая, что зачем зарплату тратить на это дело, отвечал: «Да поймите, это наша история, это наша самобытность, когда-нибудь все эти экспонаты займут свое достойное место в музее нашего края!». И он оказался прав – Курмангазинский районный краеведческий музей носит его имя – Зарифа Бектенова. Второй мой старший брат Хатиф – ученый-географ, первый кандидат наук (первый ученый) в истории Денгизского района, занимал высокие позиции в вузах страны.

Что характерно, этот вот генный поэтический код прослеживался четко – все мои братья, сестры переписки вели стихами, то есть это были не просто письма, а переписка в стихах. Поэзия! Некоторые тетради со стихами своих старших я с любовью храню. Ну а я пошел по стезе ученого-физика. К сегодняшнему дню моих братьев и сестер уже нет рядом...

Мои любимые сыновья закончили КазГУ, старший Адильжан – физик, был активистом, секретарем комитета комсомола КазГУ, Бекжан – микробиолог. Их мамы, моей замечательной, дорогой супруги Балкии, не стало в 2000 году. В сложные 90-ые годы сыновья занялись бизнесом. Сейчас каждый из них успешен, занимаются своим любимым делом. И еще у меня есть третий сын Булат, близкий друг моих сыновей, который стал мне как родной. Есть супруга, мои любимые внуки! Со светлой грустью вспоминаю прошлое, но живу реальной сегодняшней жизнью и уверен, что это правильно. Я счастлив и доволен своей жизнью, каждый день стараюсь приносить пользу молодежи, студенчеству, вузу, обществу.



**– Что ж, Латиф Бектенович, благодарю вас за увлекательный рассказ, было интересно слушать о ваших научных трудах и верности выбранной в молодости научной теме, узнать о пути становления молодого ученого из глубокой провинции, который своим трудом, знаниями, заложенным в детстве усердием и воспитанием достиг большого успеха в жизни, проявил себя не только в столице республики, но и всего тогдашнего Союза. Мы узнали о ваших корнях, об истории вашей замечательной семьи, которая имеет безусловное значение для вас и ваших детей, которая внесла огромный вклад в развитие родного края и страны в целом. Редакция нашей газеты и все читатели поздравляем вас с наступающим 85-летием и желаем плодотворного научного творчества, долгой, активной жизни!**

***Ляззат ТУРКЕСТАНОВА***
***Фото автора***

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

# Білім басқармасының кеңейтілген алқа жиыны

**Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Бекқызы Нүсіпованың қатысуымен жергілікті білім басқармасының кеңейтілген алқа отырысы ұйымдастырылды. Алқа жұмысына мемлекеттік органдардың өкілдері, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, арнайы интернаттық мекемелердің, қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығының, «Дарын» орталығы, дене шынықтыру және спорт орталығы, Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің, «Ұстаз» білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының басшылары қатысты.**




Жиында салалық басқарманың былтыр атқарған жұмыстарының қорытындысы мен 2024 жылға қойылған басты міндеттері талқыланды. Қашанда білім беру жүйесі жетістігінің бірден-бір көрсеткіші оқушылардың жетістігімен бағаланған. Қаланың құрама командасы өткен жылы қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша республикалық олимпиадада Гран-при иегері атанып, қырық бес қатысушының 30 оқушысы (алпыс жеті пайыз) медальға ие болды. Және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша командалық есепте қырық үш жүлдегі орынға ие болып (9 алтын, он төрт күміс және 20 қола медаль), «Үздік олимпиадалық команда-2023» атанды.

Республикалық зерттеу жобалары байқауының қорытындысы бойынша «Ең үздік команда-2023» атағына ие болды (жетістіктері: елу бес жүлделі орын: 15 алтын, жиырма күміс және 20 қола медаль). Жиырма жылдан астам уақыт бойы республикалық олимпиадалардың қорытындысы бойынша «Үздік олимпиадалық командасы» болып табылады. Бұл қаланың басты жетістігі мен мақтанышы. Сонымен қатар, халықаралық конкурстардағы, жарыстардағы жеңістер рейтингінде бірінші орынға ие болды. «Жұлдызай» ұлттық инклюзивті ойындардың республикалық жарысында елу бес жүлделі орынға ие болып, жалпы командалық есепте алдыңғы қатардан көрінді.

Техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің командасы республикалық спартакиадада жүлделі бірінші орынға қол жеткізген болатын. «Үздік дене шынықтыру педагогі-2023» байқауында бірінші орынмен марапатталды. PISA-2022 мектеп оқушыларының білім жетістіктерін халықаралық зерттеу қорытындысы 2023 жылы желтоқсан айында жарияланған еді. Осы зерттеуде еліміз бойынша алғаш рет математика және жаратылыстану пәндері бойынша елу көшбасшы елге кірді, Алматы қаласы осы пәндер бойынша республика көлемінде бірінші тұғырға көтерілді.

Қаланың білім беру саласындағы тағы бір маңызды жетістік – білім алушылардың білім жетістіктерінің республикалық мониторингі (МОДО) қорытындысы бойынша тоғызыншы сынып оқушылары арасында бірінші орын табыстады. Оқушылардың осындай жоғары жетістіктері – күнделікті балалардың білімін дамытып, дарындары мен ерекше қабілеттерін шыңдайтын ұстаздарымыздың тынымсыз еңбегінің нәтижесі.

Наурызбай ауданындағы №200 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі мұғалімі Ишингалиева Айгүл Максотовна ЮНЕСКО серіктестігімен ұсынылған 2023 жылғы 1 миллион АҚШ доллары тұратын «Әлем мұғалімі» халықаралық байқауына қатысып, жаһандық ұстаз сыйлығының елу үздік финалисі атанды. Сондай-ақ, жыл сайынғы «Үздік педагог» республикалық байқауының қорытындысы бойынша алматылық алты педагог үш миллион теңге көлемінде республикалық грант иегері атанды. Жергілікті атқарушы биліктің қолдауымен қалалық «Алматы ұстазы» байқауы өтіп, жеңімпаз атанған бес педагог Сингапур елінде халықаралық тағылымдамадан өтсе, бас жүлде иегері №159 гимназия ұстазы Анапияева Салтанат қала әкімі атынан қосымша бес миллион теңге грантқа ие болды.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласы бойынша қаламыздың студенттері елден тыс жерлерде керемет нәтижелерге қол жеткізуде. Өткен жылы Алматы құрылыс-техникалық колледжінің студенттері АҚШ пен Германияда өткен халықаралық жарыстарға қатысты. Екі студент әлемдегі ең үздік жас дәнекерлеушілер мен сантехниктердің ондығына кірді. Алматы сән және дизайн колледжінің студенті елімізді Хельсинкидегі WorldSkills Finland 2022 көрмесінде таныстырды. Энергетика және электрондық технологиялар колледжінің оқушылары тиісінше EuroSkills Graz 2021 және EuroSkills Gdansk 2023 чемпионаттарында үздік он жас маман қатарына енді.

Әрбір білім беру мекемесінің ең маңызды миссиясы – қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету. Осыған орай, алқа жұмысына Төтенше жағдайлар департаменті, ювеналдық полиция, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдері қатысты. Шақырылған спикерлер мектептердегі, оқушылар мен ата-аналар арасындағы проблемалық мәселелерді анықтап, балалардың қауіпсіздігін нығайту үшін өзара әрекеттесу жолдарын ұсынды. Жиын соңында қаланың білім беру жүйесін одан әрі дамытудың басым бағыттары белгіленді.

Үздік білім беру істерін көрсету үшін қала аумағында он бағыт бойынша 138 құзыреттілік орталықтары анықталды. Бұл құзыреттілік орталықтары тиісті саладағы көрсеткіштері ең төмен мектептерге бекітілген. Әр мектеп бойынша нәтиже көрсеткіштері анықталады. Сондай-ақ, қаламызда халықаралық француз мектебін ашу, бес мектепте халықаралық бакалавриат және тағы бес білім беру ұйымында үш тілде білім беру, буллингке қарсы халықаралық бағдарлама енгізу, құзыреттілік орталықтары үшін бірыңғай цифрлық платформа құру жоспарлануда.

Алдағы уақытта медициналық-педагогикалық, экологиялық, спорттық сыныптар ашу, жоғары оқу орындарымен және колледждермен өзара байланысты нығайту жоспарланып, балаларда ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыс күшейтіледі. Сонымен қатар, техникалық және кәсіптік білім беру саласында бизнес-инкубаторлар құру, Enactus KZ халықаралық қозғалысына қатысу, JasProject жобасын жүзеге асыру жоспарлануда.

**Алматы қалалық білім басқармасының баспасөз қызметі**

YESSENOV UNIVERSITY

# «Күміс университет» жобасы іске қосылды

**2024 жылғы қаңтар айының 31-і күні Yessenov University «Қоғамға қызмет ету» орталығымен бірлесіп, Үздіксіз білім беру институтында үшінші жастағы университеттің ресми ашылуы өтті. Соңғы онжылдықтарда өзекті трендке айналған өмір бойы оқыту интеллект, құрылымдық ойлау, бейімделу және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамыту, танысу шеңберін кеңейту, әлем туралы мүмкіндіктер мен идеялар, психологиялық денсаулықты жақсарту арқылы адамдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.**



Yessenov University жеке оқыту траекториясын қалыптастыру арқылы бейресми білім беруді дамыта отырып, ресми білім берумен шектелмейді. «Күміс университеті» – бұл егде жастағы адамдарға қазіргі заманғы нарыққа сәйкес келетін екінші мамандықты алуға, белсенді және қызықты өмірді ұйымдастыруға көмектесетін халықаралық қозғалыс. Қазақстанда бұл бағдарлама білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша өмір бойы оқыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде жұмыс істейді.

Халықаралық жобаның қызметі зейнеткерлер мен егде жастағы адамдарға өмірдің жаңа мәнін табуға, өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі жүзеге асыруға, өмірлік белсенділікті ұзартуға және қарым-қатынас шеңберін кеңейтуге, жаңа білім мен дағдыларды алуға, өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі. Күміс университетінде өңірдегі туризмді дамыту және осы аймақтың бай тарихы мен мәдениетімен танысу мақсатында Маңғыстаудың киелі жерлерінде экскурсоводтарды дайындау бағыттары белсенді дамып келеді.



Университеттің мақсаты – қарт және/немесе зейнеткерлік жастағы адамдардың кәсіби және белсенді ұзақ өмір сүруі, өмір сүру сапасы мен әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау. Күміс университетінің ашылу салтанатына күміс жастағы жиырмадан астам азамат қатысты. Ашылу сөзімен іс-шараны академиялық жұмыс жөніндегі Вице-президент К.Макулов ашты. «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ мен Маңғыстау облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалардың үйлестіру басқармасы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

«Қаржылық және құқықтық сауаттылық» курсының тренері Б.Әуешова Күміс университеттің оң нәтижелері туралы айтып өтті, үшінші жастағы университет қатысушылары атынан Нина Семеновна Красюкова сөз сөйлеп, университет басшылығына өз алғыстарын білдірді. Есенов университетінің қызметі талғампаз жастағы адамдарға жаңа білім алу үшін курстар ұйымдастыруға, заманауи қоғамда мүмкіндіктерді ашуға және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталатын болады.

Бірінші қадам ретінде «Компьютерлік сауаттылық», «Қаржылық және құқықтық сауаттылық» курстары және тілдік курстар іске қосылады. Күміс университетінің тыңдаушылары оқу жылының соңына дейін сабаққа қатысады. Толық курсты аяқтағаннан кейін барлық білім алушылар сертификаттар табысталады. Осылайша, аға буын азаматтарының өмір сүру сапасын арттыру үшін ауқымды жұмыс жүргізілетін болады.

**Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің медиа қызметі, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы**

ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

# Центры компетенций: курс на развитие



**Бахыт ГАБДУЛЛИНА, заместитель директора Методического центра УО СКО**

*Каждый из трех Центров в области имеет свой уникальный профиль, ориентированный на совершенствование определенных педагогических компетенций*

### Какую проблему решают?

Воспитанию и обучению самых маленьких граждан нашей страны в настоящее время уделяется серьезное внимание. Перед каждым участником системы дошкольного образования поставлены задачи улучшения качества и выбора образовательной стратегии, направленной на развитие личностного потенциала каждого ребенка.

Приоритетом образовательной политики дошкольного образования является повышение качества, что определяет основной вектор развития – рост профессионального мастерства. Современная дошкольная организация нуждается в компетентных педагогах, готовых действовать и развиваться в режиме инновационной трансформации. Создавая необходимые условия для развития профессионализма педагогов дошкольных организаций, государство принимает ряд действенных мер, призванных обеспечивать сопровождение и поддержку педагогических инициатив в вопросах внедрения новых форм и методов работы.

В целях исполнения пункта 118 Плана действий о реализации Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования РК на 2023-2029 годы Приказом Министра просвещения от 1 июля 2023 года №192 в 20 регионах созданы центры компетенций дошкольных организаций с целью трансляции и внедрения передового педагогического опыта. Всего в республике осуществляют деятельность 79 Центров компетенций.

### Основная идея

Целью создания центров компетенций является комплексный переход к высокому качеству образовательных услуг, ориентированный на равный доступ к качественному дошкольному образованию.

Центры компетенций решают ряд важных задач. Например, обеспечивают переход от прямого администрирования к формированию системы мотивации, развитию творческой инициативы, повышая профессиональный уровень педагогов. Выработать механизм управления качеством оказания образовательных услуг на основе конкретных показателей окружающей среды, влияющих на развитие ребенка, а также наращивать потенциал дошкольных организаций в предоставлении качественных образовательных услуг. При этом создаётся корпус лидеров-управленцев в сфере дошкольного воспитания и обучения, готовых улучшать условия не только в отдельно взятой дошкольной организации, но и своевременно направлять усилия на поддержку организаций с более низкими показателями качества образования.

### Центры компетенций как сетевая модель

Какие же критерии легли в основу отбора дошкольных организаций в новую организационную структуру? Прежде всего, центрами компетенции стали сады с высокими показателями качества дошкольного воспитания и обучения. При этом были проанализированы кадровые ресурсы, так как трансформация тесно связана с инновационным потенциалом педагогов, которые продвинулись несколько дальше остальных в вопросах развития детей и смогли создать условия, обеспечивающие хороший уровень качества образования. Ещё одним критерием стала готовность педагогических коллективов оказывать информационную, консультационную, образовательную, организационную и иную ресурсную поддержку, делиться своими знаниями и опытом с теми, кому они необходимы.

В Северо-Казахстанской области функционируют три центра компетенций на базе яслей-садов «Колосок» Айыртауского района, «Мирас» Кызылжарского района, «Ақ бота» г. Петропавловска, два из которых находятся в сельской местности, один в областном центре.

За непродолжительное время работы каждым центром компетенций выстроен определенный алгоритм работы, позволяющий распространять эффективный опыт. Сеть дошкольных организаций Северо-Казахстанской области в настоящее время представлена 461 организацией, в числе которых 78 детских садов, 8 комплексов «Школа-детский сад», 374 мини-центра, 1 специальный комплекс "Детский сад-школа-интернат». Контингент составляет 17189 детей. Охват детей в возрасте от 3 до 6 лет дошкольным воспитанием и обучением составляет 100%, от 1 до 6 лет – 87%, от 2 до 6 лет – 93,8%. На данный момент в системе дошкольного образования области трудятся 2943 педагога, из них 1658 с высшим образованием (в том числе 45 магистров), 1285 – с техническим и профессиональным. Для решения вопроса охвата всех субъектов дошкольного образования все организации области были распределены между тремя центрами компетенций.

Центры компетенций в СКО – это три команды педагогов, распространяющие идеи и успешный опыт, организующие тренинги и семинары на актуальные темы, стажировки и профессиональный диалог. Это проектные лаборатории, которые пополняются методическими наработками в соответствии с тематикой, а также с учётом интересов и запросов педагогических работников. Ресурсный потенциал каждого центра состоит в апробации предлагаемых технологий в собственной деятельности и последующем тиражировании положительного опыта среди остальных участников сетевого взаимодействия.

*Центры компетенций в СКО – это три команды педагогов, распространяющие идеи и успешный опыт, организующие тренинги и семинары на актуальные темы, стажировки и профессиональный диалог*

Другие дошкольные организации в нашей области – команды заинтересованных педагогов, готовых к смещению профессионального фокуса в сторону качественного образования, ориентированного на ребенка.

Координацию деятельности и методическое сопровождение центров компетенций обеспечивают Методический центр и Институт раннего развития детей.

### Алгоритм деятельности

Деятельность каждого центра представлена кейсом, призванным решать актуальные задачи в системе современного дошкольного образования через трансляцию эффективного опыта, направленного на развитие творческой инициативы педагогов и повышение качества предоставления образовательных услуг.

Каждый из трех центров в области имеет свой уникальный профиль, ориентированный на совершенствование определенных педагогических компетенций. Так, ясли-сад «Ақ бота» ведет работу по созданию комфортной игровой среды «Ойыннан – білімге», способствующей развитию интеллектуально-физических навыков. Ясли-сад «Мирас» осуществляет деятельность по формированию ранней профориентации у детей дошкольного возраста через проект «World Skills. Balabaqsha. Шеберлікке бірінші қадам». У яслей-сада «Колосок» в фокусе деятельности – реализация проекта «Балақай қызықтар академиясы», цель которого заключается в формировании предпосылок развития функциональной грамотности детей.

### От проекта к практическому результату

Движущей силой деятельности центров являются творческие группы педагогов, которые, ориентируясь на достижение поставленной цели, разрабатывают программу инновационного проекта, определяют миссию своей работы, а также ожидаемые результаты для педагогов, детей и родителей.

В своей работе педагогические команды опираются на научные данные, изучая теоретические основы и практические наработки в сфере исследуемого вопроса. На этапе внедрения педагоги апробируют избранные методы, разрабатывая интерактивные игры, квесты, практикумы, дидактические материалы, многофункциональные пособия, которые помогают педагогам сделать совместную деятельность интересной и полезной каждому ребёнку.

Вовлеченность родителей в инновационный процесс – важное условие эффективности совместной работы и предпосылки открытого и результативного диалога. Для повышения уровня заинтересованности родителей в процессе воспитания и развития детей в центрах проводятся в нетрадиционном формате родительские собрания, вечера-дискуссии, деловые игры, мастер-классы. Результаты опросов и анкетирования родителей и педагогов, а также материалы наблюдений за детьми на основе определённых критериев позволяют уже сегодня говорить об эффективности работы центров и перспективности их дальнейшего развития.

### Ожидаемые результаты

Деятельность центров компетенций позволяет:

– развивать творческую инициативу педагогов, которые проходят непростой путь от идеи до создания продукта, в ходе совместной работы повышая свой профессиональный уровень;

– через проектную деятельность управлять качеством образовательных услуг, ориентируясь в своей работе на конкретные показатели, которые напрямую влияют на развитие ребенка;

– объединять единой целью и стратегией развития ярких лидеров изменений в сфере дошкольного воспитания и обучения;

– оказывать поддержку и предлагать инструменты управления изменениями дошкольным организациям с более низкими показателями качества образования.

### Первые успехи

Хорошим подспорьем для распространения положительного опыта являются стажировочные площадки, позволяющие центрам компетенций быть доступным ресурсом, востребованным всеми субъектами системы дошкольного образования. Проведённые круглые столы, мастер-классы, открытые занятия, практикумы по использованию многофункциональных пособий, обучающие семинары, консультации, положительные отзывы педагогов – первые шаги, доказавшие целесообразность идеи создания центров компетенций. Ясли-сады, участники проекта, уже сегодня обеспечивают качество образовательных услуг, активно распространяя свой опыт и помогая всем заинтересованным педагогам области обучаться эффективным методам и формам работы.

*Современная дошкольная организация нуждается в компетентных педагогах, готовых действовать и развиваться в режиме инновационной трансформации*

Все три центра компетенции являются примером новаторского и креативного подхода в реализации смелых идей, например, в организации нестандартных студий или зон интересов и отдыха, вариаций мобильных библиотек и уголков уединения, лабораторий творчества и исследования. Каждый центр демонстрирует эффективный путь трансформации и саморазвития, опираясь на анализ реальных профессиональных кейсов, обеспечивая всем участникам обучение на основе опыта, позволяющее запустить процесс генерирования проектных решений в сфере дошкольного образования.

Систему работы центров можно назвать важной структурной единицей регионального дошкольного образования, что позволяет аккумулировать лучшие педагогические практики. Яркие мероприятия, сетевое взаимодействие и обмен опытом педагогов дошкольного образования в рамках деятельности центров компетенций позволяют совершенствовать педагогическое и методическое мастерство, развивать инновационный потенциал педагогов области, поддерживать идеи творчески работающих педагогов, внедрять в практику современные технологии и формы работы.

Центр компетенций – это расширение возможностей каждого заинтересованного педагога, способ увидеть процесс инновации изнутри, почувствовать себя в роли исследователя, понять специфику работы по одному из разработанных направлений, получить и переосмыслить свой опыт, определить сильные стороны и новые точки роста.

ТАЛДЫҚОРҒАН ИНДУСТРИАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

# География пәнін оқытудағы кескін карталардың маңызы

**Географиялық карталардың оқытудағы міндеті – географиялық білімнің аса маңызды көзі. Көрнекілік – дидактикалық тәсіл болып табылады. Көрнекі құралдар білім берудің ерекше құралы бола отырып, оқушылардың білімділік қасиеттерін – ойлау, сөйлеу, түсіндіре білу, баяндай алу амалдарын үйренуін қалыптастырады. География пәнінде ең басты көрнекілік құрал – карта. Картаның түрлері: тақта картасы, үстел үстіндегі оқулық картасы, кескін картасы.**

Географияны оқыту әдістемесінде карталармен жұмыс істеуде үш мақсат қойылады: картаны түсіну, картаны оқу, картаны білу. География ғылымында ең негізгі құрал: географиялық карта. Осы географиялық картаны құрастыру үшін бірнеше ірі компьютерлік бағдарламалар арқылы нақты, қолайлы етіп жасауға болады. Геоақпараттық жүйелері ауа райын болжау, жер телімдерін анықтап, құрылыс алаңдарын жоспарлауда, тіпті жер асты байлықтарын зерттеп, олардың қорларын болжауда үлкен рөл атқарып келеді.

Кескін картамен жұмыс: бұл жұмысты бесінші сыныптан бастап үйрете беру керек деп ойлаймын. Себебі, материктер картасын кескін картаға салу кезінде оқушылар қатты қиналады. Ал, бастапқы курсты оқу барысында оқушыларға түрлі-түсті бояу арқылы жер бедерінің азғантай бөліктерін салғыза отырып, олардың биіктіктерді ажырату, ойпаттардың, қыратүстірттердің, таулардың бояуларын қалыптастыру дағдыларын дамытуға болады. Сондай-ақ, өзен-көлдерді картаға түсіру дағдылары дамиды.

География сабағын оқытуда оқушыға ең бірінші картамен жұмыс істей білуіне үлкен мән берілуі керек. Өйткені, оқушының пәнге деген қызығушылығын, географиялық ұғымдарды терең меңгеруіне жол ашу үшін осы бастапқы курста географиялық білім беруде картамен жұмыс істеуіне баса назар аударуды қажет етеді. Бұл мақсатқа жету оқушыны тек білім көзімен ғана қаруландыру емес, сонымен бірге картамен жұмыс істей білуін практика жүзінде іске асыру.

Географиялық карталардың атқаратын рөлі. Карта – географиялық ұғымдардың басы мен аяғы. Картасыз кішігірім экскурсия, экспедицияға да шығу мүмкін емес. Карта – саяхат, жорықтарда көмекші құралдың рөлін атқарып қана қоймай, сонымен бірге географиялық білімді тереңдетуге және кеңейтуге өз үлесін қосады. Карта – географиялық ұғымдар арасындағы байланысты меңгерудің көмекші құралы. Карта – географиялық заңдылықтарды жоғары дәрежеде анықтауға мүмкіндік береді, яғни кеңістікте орналасу заңдылықтарын және жер шары бетіндегі құбылыстардың арақатынасын, жиынтығын және байланысын анықтайды.

Яғни, карта жеті географияның тілі. Қорыта айтқанда, карта оқушының ойы мен көзқарасын ары қарай дамытып жетілдіретін көмекші құрал болуы тиіс. Кескін картамен жұмыс істеудің төмендегі негізгі әдістерін атауға болады: картаны оқу (географиялық жағдайын, шекарасын анықтау, әр елдер бойынша табиғат жағдайын сипаттау); бірнеше карта түрлерін алып, салыстырмалы анализ жасау. Оларды глобуспен салыстыру мен кескін картамен жұмыс істеу (кескін картаға түсіру техникасын меңгеру) және жазбаша берілген географиялық ұғымдарды өз бетімен карта сызба құрастыру дағдысында қалыптастыру.

Міне, сонда ғана оқушының география пәніне деген қызығушылығы артып, өз бетінше терең білім алуына жол ашылады. Физикалық және экономикалық география курстарындағы статистикалық көрсеткіштердің маңызы және олармен оқыту үрдісінде жүргізілетін жұмыстар. Берілу тәсіліне байланысты мектеп географиясында статистикалық мәліметтердің негізгі топтары. Жеке (топтастырылмаған) көрсеткіштермен жұмыс жүргізу әдістері. Графиктер, программалар және статистикалық кестелердің танымдық мүмкіндіктері, оларды оқу әдістері. Сандық материалдардың ерекшеліктерін ескеріп графиктер, диаграммалар және статистикалық кестелерді оқытудың мазмұны және жүйелігі.

Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы курсындағы экономикалық есептер және олардың мақсаты. География курсының базалық білімін тереңдету мақсатында, пәнді мектеп курсында біршама кеңейтуге картография негіздерін оқыту қажеттілігін туғызып отыр. Картографиялық ұғым мектептегі географиялық білімнің құрамы болып табылады. Картография – географияның екінші тілі, себебі, кез келген географиялық номенклатураны оқу үшін картаны біліп, түсіну керек.

Картографиялық материалдардың әртүрлілігі мен өзіндік ерекшеліктері оқушылардың іскерлік әрекетінің мазмұнын анықтайды. Кескін картамен жұмыс істеуді мыналардан бастауға болады: оқулық, атлас, әдістемелік нұсқауларды дайындау; қажетті обьектілерді дайын картадан, кескін картасынан табу; картада жазылған обьектілерді (жағалау сызығының элементтерін, өзен, көл, канал, қалалардың пунсондары және тағы да басқаларды) табу; картада берілмеген обьектілерді түсіру (пайдалы қазбалар, тасымалдаушы жолдар, өнеркәсіп орындары).

Картография бөлімдері және оның мазмұныны оқыту: географияда картографияның рөлін арттырады және картографияның жаңашылдық құрылымы мен перспективасын ғылым ретінде беру практикалық іскерлікке баулудың бірден-бір көзі.

**Айнар СМАГУЛОВ,**
**Талдықорған индустриалық колледжінің география пәнінің оқытушысы,**
**Жетісу облысы**

# Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі

**Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс істеу.**



**Айбек ҚАМБАРОВ,**
**Талдықорған индустриялық колледжінің оқу-өндірістік шебері,**
**Жетісу облысы**

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы – ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім – әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап, оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен.

Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы.

Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт: сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек; оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру; әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.

Және үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау; кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау; оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету; сын тұрғысынан ойлауды бағалау. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту деген ұғымды кез келген жаңа идеяны сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, ол идеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу.

Зерттеудегі мақсат – бастауыш сынып оқушыларын кез келген мазмұнға сын тұрғысынан қарауды сабақта және сабақтан тыс уақытта үйрету. Зерттеу нысан: сабақ өту барысында сыныппен жеке, жұптық, топтық, ұжымдық. Жұмыс істей отырып, жеке тұлғаның әлеуметтендіру және даму бағытын зерттеу. Зерттеу барысында сын тұрғысынан ойлау технологиясын меңгерту бағытында оқушыларға үйрете жүріп, педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану қажеттігін түсіндім.

# Үйірме – дене тәрбиесі ұжымының аса маңызды бөлімі

**Дене тәрбиесі ұжымының барлық оқу-спорттық жұмысында спорттың жеке түрлері бойынша үйірмелер құрылады. Үйірме белсенділері оқытушының және колледж кеңесінің (студенттердің) көмегімен және басшылығымен спорттың сол түріне көпшілік жұмыстар жүргізеді.**

Студенттердің үйірмелердегі спорттың қай түріне қызығушылығы болуы негізінде оқу және тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Үйірме дене тәрбиесі оқу сабақтары бағдарламасының материалдарын студенттердің жақсы және тиянақты меңгеруіне көмектеседі. Үйірмелерде дене тәрбиесінің оқытушысына көмектесе алатын дене тәрбиесі белсенділері даярланады.

Үйірме колледж дене тәрбиесі ұжымының аса маңызды ұйымдастырушысы және оқыту-үйрену буыны болып табылады. Дене тәрбиесі ұжымында қандай үйірмелер ұйымдастырылады. Колледж дене тәрбиесі ұжымында бірінші кезекте қандай үйірмелерді ұйымдастыруға болады. Колледж тәрбиесіне сүйенсек, жеңіл атлетика, гимнастика, волейбол, баскетбол, футбол, теннис, шаңғы тебу бойынша үйірмелер жетекшісі орында болуы керек.

Гимнастикалық залы жоқ ауыл-селолық колледждерде шаңғы спортымен, жеңіл атлетиканың, спорттық ойындардың, жүзудің, коньки тебудің спортының дамуына ерекше мән беру керек. Колледждегі дене тәрбиесі бойынша топтан тыс жұмыстардың жүзеге әлі толық аспай келе жатқан маңызды құралы жұмыстары болып табылады. Осы айтқандардан қандай үйірмелерді ұйымдастыруға болады деген мәселені әр колледж өз мүмкіндік жағдайына қарай шешеді.

Үйірме ұйымдастыруында колледжде оның жұмыс істеуі үшін жағдай жасалынған ба, жоқ па – осыны анықтап алу керек. Мұндай қажетті жағдайларға жататындар: спорттың сол түріне қызығатын студенттердің жеткілікті тобының болуы, сабақ өткізілетин орнының және қажетті спорт жабдықтардың болуы, сабақтардың әдістемелік басшылықпен қамтамасыз етілуі.

Үйірмелер колледжде орналасқан жердің климаттық және географиялық жағдайын еске ала отырып, ұйымдастырылады. Спортты меңгерген студент өз жолдастарынан көш ілгері озып кетсе және колледж үйірмесі оның одан әрі өсуін қамтамасыз етеді.

**Айбар ҚАПТАҒАЕВ,**
**Талдықорған индустриялық колледжінің дене тәрбиесі оқытушысы,**
**Жетісу облысы**

АБАЙ ОБЛЫСЫ

# Ауыл мектептерінің мұғалімдеріне арналған байқау

**Мемлекет басшысының ауыл мектептерін дамыту тапсырмасын іске асыру шеңберінде білім беру сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары қабылданып, «Ауыл мектебі» ауылдық мектептерді дамыту тұжырымдамасы әзірленді. Сондай-ақ, елімізде ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша бірінші Республикалық олимпиада бастау алды. «Тірек мектебі – магнитті мектептер» жобасы жүзеге асырылуда.**



Облыстық инновациялық-әдістемелік орталық директорының міндетін атқарушы Айнур Исабаева: – Біздің аймақтағы білім беру ұйымдарының сексен пайызға жуығы ауылдық елді мекенде орналасқан. Сол мекемелерде қызмет етіп жатқан педагогтеріміз білім алушыға тек тәрбие мен білім үйретіп қоймай, бүкіл ауыл тұрғындарына үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие беріп отыр деуге болады. Қазіргі күні облысымыздағы ауылдық елді мекендегі білім беру ұйымдарында жеті мыңға жуық педагог жұмыс істейді. Оның ішінде: 0,3 пайыз – педагог-шебер, 18,2 пайыз – педагог-зерттеуші. Бұл, әрине, ойландыратын жағдай.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуға ықпал ету, озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау, ауылдық елді мекендегі білім беру ұйымдарының жаңашыл педагогінің моделін әзірлеу мақсатында облыста «Үздік ауыл мұғалімі» облыстық конкурсы өтті. Конкурс ауылдық елді мекендегі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби шеберліктерін шыңдау, ғылыми-әдістемелік жұмыстарын белсендіру, іс-тәжірибелерін таратуға жағдай жасау мақсатын алға тартты.

Өңірде алғаш рет ұйымдастырылған байқауға ауылдық елді мекендегі білім беру ұйымдарынан еңбек өтілі 5 жылдан кем емес 9 педагог қатысты. Олар аудандық, қалалық кезеңнен іріктеліп өткен жеңімпаз мұғалімдер. Педагогтер конкурс шарты бойынша өздерінің кәсіби өсу картасы мен жетістіктерін, шығармашылық жұмыстарын таныстырды. Сондай-ақ, әділ қазылар алқасы мұғалімдер ұсынған педагогикалық тәжірибелер панорамасын бағалады. Бұдан басқа қатысушы педагогтер ашық диалог алаңында берілген жағдаяттық тапсырмаларды шешіп, өздерінің шеберліктерін танытты.

Биыл бірінші рет өткізіліп отырған конкурс педагогтердің кәсіби шеберлігін дамытуға ықпал етуде маңызы зор. Конкурс нәтижесі бойынша Аягөз ауданынан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Айнаш Узбекова жүлделі бірінші орын иеленді. Екінші орынды Жарма ауданынан математика пәнінің мұғалімі Нурсейіт Оразақынұлы мен Семей қаласы информатика пәні мұғалімі Бессуднова Марина алса, үшінші орын Бородулиха ауданындағы информатика пәнінің мұғалімі Николай Громов пен Үржар ауданы математика пәнінің мұғалімі Гаухар Жағалбаеваға бұйырды. Ауылдық елді мекендегі білім беру ұйымдарындағы жаңашыл педагог моделін әзірлеу мақсатында ұйымдастырылған конкурс енді өңірде жыл сайын өткізіледі.

# Семейлік оқушылардың сейсмограф құралы

**Облыс орталығындағы Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназияның 9-сынып оқушылары Айжан Жумабекова мен Шұғыла Уалхан тұрмыстық қалдықтардан сейсмограф құралын ойлап тапқан. Құралды сейсмикалық қауіпті аймақтарда, жаңадан басталған құрылыс нысандарында қолдануға болады.**

Жас өнертапқыштар биік ғимараттардың сейсмикалық жағдайына алаңдаушылық танытып, механикалық үлгіде құрал жасап шығарған. Қағаз таспа, үйкелісті тудыратын лайнер, барабан, қозғалтқышқа арналған қуат көзінен тұратын құралға Эйнштейн датчиктерін, сондай-ақ Ардуино бағдарламасын қосқан. Оқушылар құралды мектепте еденге, қабырғаға орнатып, әсерін байқау үшін пайдаланып көрген.

Еден тербелісіне тәжірибе жасағанда секірген кездегі қозғалысты байқаған. – Физика сабағында алған білімімізді қолдана отырып, ғимараттармен қатар техниканың еденге және қабырғаға тигізетін сейсмикалық әсерін қарастыру үшін сейсмографтың нәтижесін салыстырдық. Нақты нәтиже алу мақсатында деректер тіркеуіші einstein™ Tablet +2 планшеттің Milab бағдарламасындағы Heart Rate датчигін қолданып отырмыз, – дейді авторлар.

Сейсмографты сейсмикалық қауіпті аймақтарда, мысалы таулы жерлерде, ауылдық округтерде, жаңа құрылыстарда, білім алу барысында физика-география бағытындағы оқу мекемелерінде қолдануға болады. Жас өнертапқыштардың айтуынша, сейсмограф моделінің құрылысы мен жұмыс істеу принципін басқа аналогтармен салыстырып көрген, бұл құрылғы құны қолжетімді.

Әрі салмағы да жеңіл және тасымалдауға ыңғайлы көрінеді. Болашақта оқушылар ғимараттардың қауіпсіздігін алдын ала зерттеп, қашықтан басқарылатын сейсмограф құралын ойлап шығаруды жоспарлап отыр. Жобаға жетекшілік жасаған физика пәнінің мұғалімі Алуа Бимбетованың еңбегі ерекше.



**Абай облысы білім басқармасының баспасөз қызметі, Семей қаласы**

# Әлем өзгергенін қаласаң, өзгерісті бірінші өзіңнен баста...

**Жиырма бірінші ғасыр өзгермелі заманда білімнің, мектептің дамымай бір орнында тұралап қалуы, тікелей елдің дамуына әсер етеді. Ал, мектеп дамуының басты индикаторларының бірі – көшбасшы директор болу. Осыған байланысты басшы кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің маңыздылығы мен оған қойылатын талаптар артып келеді.**




Оның негізгі мақсаты – кәсіби тұлғалық деңгейі озық және стандартты емес жағдайлар мен проблемаларды шешуге қабілетті басшыларды даярлаудағы мектеп директорының, қоғам мен мемлекет қажеттіліктерін қанағаттандыру. «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы менің кәсіби өсуіме үлкен өзгерістер алып келді. Жобаға қатысып, қазір облыстың орталығындағы №20 мектептің директорлық қызметіне тағайындалдым.

TALIS-2018 нәтижелері бойынша қазақстандық директорлардың тек он үш пайызы ғана қызметке кіріспес бұрын мектепті басқару бойынша дайындықтан өтеді екен. Бұл тұрғыдан алғанда, «Мектеп басшыларының кадрлық резерві: даму әлеуеті және даму стратегиялары» курсының бізге берген артықшылығы айтарлықтай болды. «Жобаның мақсаты қандай? Жобадан мен өзіме қандай білім аламын? Көшбасшы болу менің қолыман келе ме?» деген сұрақтар алғаш келген сәтте мені және әр жоба қатысушысын мазалады.

Бұл курстың басқа курстардан басты ерекшелігі: көшбасшы тұлғасын жан-жақты қалыптастыруға бағытталғандығы. Әсіресе, мен үшін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылыққа бағытталған модульдің маңыздылығы зор деп ойлаймын. Себебі, болашақ көшбасшы бола отырып, ең алдымен, адамгершілік тұрғысынан өзіңді қажетті қасиеттермен нәрлендіре алмасаң, атқарған еңбегіңнің қаншалықты дұрыс бағытта жүріп жатқанына күмәнмен қарауға тура келеді.

Дана Абай атамыз айтқандай, «бойында сәулесі бар, көкірегі ояу» жаңа заман көшбасшыларын оқытып, тәрбиелеу – заман сұранысына сай қажет. Мен үшін бұл курстың тағы маңызды ерекшелігінің бірі – адами капитал дер едім. Осы жобада бір идеяға, бір мақсатқа жинақталған керемет ортаға түстім. Осындай білікті де білімді көшбасшылармен бірге білім ала отырып, курс бағдарламасымен қоса өзіме қажетті өмірлік мол тәжірибе алдым. Осы жобаны артқа тастап, арқа төріндегі Астана қаласындағы мектеп директорларына арналған форумда ойымды бөлісіп, сөз сөйледім.

Салтанатты жиында жоба түлектерінің пікірлерін тыңдай отырып, үлкен ойға қалдым. Сол кештегі «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» деген баннердегі жазба маған үлкен әсер қалдырды. Бұл жобаның атауының өзі бізге үлкен жауапкершілік жүктегендей болды. Өзгерістің басында өзім тұрғанын сезінуге мүмкіндік берді. Мағжан Жұмабаевтың: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс», – деген сөзін басшылыққа ала отырып, зымырап жатқан заманда бәсекеге қабілетті білікті және білімді тұлға тәрбиелеуді басты міндеті ретінде анықтау керек деп білемін.

Қашанда жоспарланған іс-әрекеттер күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Ертеңгі күннің сұранысын қанағаттандыру үшін өзгерістерді енгізуде батылдық керек, себебі білім берудегі мүдделі тараптардың өзін жайлы сезінетін бірегей мектепті ұйымдастыру соның алғышарты. Өзгерістердің тек қатысушысы ғана емес, көшбасшысы болыңыздар деп ойымды аяқтаймын.

**Олжас КАРАМЕНДИН,
«Мектеп басшыларының кадрлық резерві: даму әлеуеті және даму стратегиялары» курсының түлегі,
№20 жалпы орта білім беретін мектептің директоры,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Абай облысы,
Семей қаласы**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

# 165 ауыл мектеп оқушысы жүлдегерлер атанды









**Астанада қаңтар айының 25-і күні қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық олимпиада өз мәресіне жетті. Қорытынды кезеңге барлығы бес жүзге жуық оқушы қатысты. Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған бірінші республикалық олимпиадада еліміздің шалғай жерлерінен келген 165 бала жүлдегер атанды. Олар сексен үш қола, 49 күміс және отыз үш алтын жүлдені жеңіп алды.**



Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев марапаттады. – Бүгін біз қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 7 пән бойынша жеңіске жеткен ауыл мектептерінің үздік оқушыларын марапаттап жатырмыз. Олардың барлығы аймақтық іріктеу турларынан өтіп, республикалық олимпиадада жеңіске жетті және өздерінің терең білімдері мен тамаша дайындықтарын көрсете білді. Сіздерге жеңістер мен жаңа мақсаттарға қол жеткізуде табандылық тілеймін, – деді құттықтау сөзінде Қаныбек Бекболатұлы.

Айта кетсек, олимпиаданың республикалық кезеңінде ауыл мектептерінің оқушылары қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы, құқық негіздері, орыс мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәндерінен сынға түсті. «Үздік олимпиадалық команда» номинациясы бойынша бірінші дәрежелі дипломмен Маңғыстау облысының командасы марапатталды. Екінші дәрежелі орынды Түркістан және Жетісу облыстарының командалары жеңіп алды. Үшінші дәрежелі дипломдарды Алматы, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан командалары иеленді.





– 2023 жылдың қараша айында Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаевтың тікелей тапсырмасымен ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада басталған болатын. Мақсаты – ауылдың дарынды және талантты балалардың қабілеттерін анықтау және нығайту. Олимпиада жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардың 13 пәні бойынша үш кезеңде өтті. Бастапқы кезеңге сексен мыңға жуық оқушы қатысты. Екінші кезеңде 25 мыңнан астам мектеп оқушылары жарысты. Олимпиаданың қорытынды кезеңіне бір мың сексен сегіз оқушы жолдама алса, оның 476-сы қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша, – дейді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының директоры Ғаждембек Тұрсынов.

Жеңімпаздарға еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының 31 ректорлық гранты табысталды.

– Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық олимпиада – бұл ауылдық жерлердегі дарынды оқушыларды анықтауға көмектесетін және олардың зерделі әлеуетін іске асыруға қолдау білдіретін бірегей жоба. Алғаш рет өткізілсе де, байқау еліміздің 80 мыңнан астам оқушысына олимпиадалық қозғалысқа қатысуға мүмкіндік берді, – дейді қазақ тілі мен әдебиеті бойынша қазылар алқасының төрағасы Шоқан Амангелдіұлы Шортанбай.

Сонымен қатар, республикалық кезеңнің барлық қатысушылары интеллектуалды жарыстарға дайындалу мақсатында «Дарын» республикалық сырттай мектебіне қабылданатын болады. Ал, бірінші дәрежелі диплом иегерлері 2024 жылғы ЖББ пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысады. Естеріңізге салсақ, биылғы қаңтар айының 14–18-күні елордада ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың жаратылыстану-математика бағыты бойынша қорытынды кезеңі өткен болатын. Оған алты жүзден астам оқушы қатысып, 170 оқушы жеңімпаз атанған еді. Іс-шараны ҚР Оқу-ағарту министрлігі және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырды.

**Нұрлан ТІЛЕГЕНҰЛЫ**



## Ауыл мектептерінің 9–11-сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың жеңімпаздарына жоғары оқу орнында оқуға грант ұсынған оқу орындарының тізімі

| № | Университет атауы | Грант саны | Ректоры |
|---|---|---|---|
| 1 | Жұбанов университеті (Ақтөбе) | 5 | Ляззат Қарабасова Шапайқызы |
| 2 | Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті | 5 | Садықов Еркін Тоқмұхамедұлы |
| 3 | Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті | 5 (ЖМБ), 5 (ҚГБ) | Идрисов Саламат Нұрмұханұлы |
| 4 | Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті | 3 (ЖМБ), 2 (ҚГБ) | Орынбеков Думан Рымғалиұлы |
| 5 | Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті | 2 (ЖМБ), 2 (ҚГБ) | Ректордың м.а. Сүгірбаева Гүлжан Дәлетбекқызы |
| 6 | Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті | 5(ЖМБ), 5 (ҚГБ) | Қожамжарова Дария Пернешқызы |
| 7 | Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті | 3 (ЖМБ), 2 (ҚГБ) | Мұхтар Төлеген |
| 8 | Астана халықаралық университеті | 9 (ЖМБ), 9 (ҚГБ) | Астана халықаралық университетінің президенті Ирсалиев Серик Азтаевич |
| 9 | Алматы Менеджмент университет | 1 (ЖМБ), 1 (ҚГБ) | Куренкеева Гульнар Турдалиевна |
| 10 | Ахмет Ясауи университеті | 5 | Темірбекова Жанар Амангелдіқызы |
| Барлығы | | 69 | |

ВЗАИМООТНОШЕНИЯ

# Расширяются горизонты международного сотрудничества профсоюза отрасли



**8-9 февраля т.г. по приглашению Международной организации труда (далее – МОТ) делегация Казахстанского отраслевого профсоюза работников просвещения, науки и высшего образования приняла участие в семинаре, организованном МОТ.**

Заведующий сектором Европы и Центральной Азии ACTRAV МОТ Сергиус Гловацкас провел для делегации ознакомительную экскурсию в головном офисе МОТ.

На открытии семинара Сергиус Гловацкас рассказал об истории создания, миссии и роли МОТ. МОТ, созданная в 1919 году, является специализированным учреждением Организации Объединенных Наций (ООН) по вопросам сферы труда. В настоящее время членами МОТ являются 187 государств. Международная организация в 2019 году отметила свое 100-летие.

В ходе семинара казахстанская делегация заслушала лекции ведущих специалистов и руководителей отделов международной организации (Э. Жульен, В. Рикко, Р. Пэлс) по вопросам трудовых отношений, заработной платы и обменялась мнениями.

Еще одна важная встреча для делегации состоялась с директором ACTRAV МОТ Марией Хеленой Андре. В ходе встречи М.-Х.Андре положительно оценила реформы, происходящие в сфере труда нашей страны, и дала высокую оценку деятельности ФПРК.

Федерация профсоюзов Республики Казахстан проводит целенаправленную работу по вопросу ратификации конвенций МОТ и внедрения международных стандартов в социально-трудовую сферу. В настоящее время в Казахстане ратифицировано 25 конвенций МОТ.

От имени делегации Отраслевого профсоюза Айгуль Мукашева поблагодарила Сергиуса Гловацкаса за теплый прием. Казахстанский отраслевой профсоюз работников просвещения, науки и высшего образования, продолжая свою международную работу в составе ФПРК, заинтересован в дальнейшем развитии сотрудничества с МОТ.

Деятельность Отраслевого профсоюза была высоко оценена МОТ и отмечена Почетной грамотой.

**Пресс служба Казахстанского отраслевого профсоюза работников просвещения, науки и высшего образования**

# Казахстанские педагоги примут участие в международном исследовании TALIS

**В период с 12 февраля по 20 марта пройдет четвертый цикл TALIS-2024 с участием более 50 стран. В нем примут участие около 8000 учителей и директоров 378 казахстанских школ.**




«Особенностью текущего цикла является включение новых вопросов о современных проблемах системы образования: разнообразие и равенство, социальное и эмоциональное обучение учащихся, использование технологий в образовательных целях, образование в области окружающей среды и устойчивого развития. В исследование будут включены национальные вопросы, разработанные совместно с экспертами Национальной академии образования имени Ы.Алтынсарина, Республиканского научно-практического центра экспертизы содержания образования, НЦПК «Өрлеу» и преподавателями ЕНУ им. Л.Н. Гумилева», – отметил председатель Комитета по обеспечению качества в сфере образования Ернур Дауенов.

Национальный отчет с более подробным анализом результатов казахстанских педагогов в TALIS-2024 будет опубликован в 2026 г. Результаты будут представлены по восьми макрорегионам республики.

**Справочно**: Казахстан принимает участие в исследовании TALIS с 2018 года. Полученные результаты были учтены при разработке Закона «О статусе педагога». TALIS (Teaching and Learning International Survey) проводится каждые шесть лет под эгидой Организации экономического сотрудничества и развития и является одним из самых масштабных международных исследований. Исследование позволяет выявить сильные и слабые стороны педагогического корпуса страны и получить независимую оценку условий работы педагогов и образовательной среды в школах.

# Esil University подписал меморандум с Silk Road Research Network

**В Esil University состоялась встреча с делегацией из университетов Индонезии и Узбекистана. В мероприятии участие приняли руководство, сотрудники Esil University, а также коллеги из столичных университетов.**

В ходе встречи был подписан меморандум о сотрудничестве с представителями Silk Road Research Network, что предоставит возможность создания нового научного журнала, который будет включен в базу данных Scopus.

«Подписанный меморандум отражает нашу стратегическую ориентацию на развитие научных исследований и академического сообщества, а также предоставит уникальную площадку для обмена знаниями и опытом с учеными со всего мира. Мы уверены, что совместные усилия с нашими партнерами из Silk Road Research Network и Universitas Muhammadiyah Sidoarjo приведут к новым достижениям в области науки, образования и академического прогресса, способствуя развитию нашего университета и его международного престижа», – отметил ректор Esil University Аянберген Таубаев.

Кроме того, был заключен важный договор с Universitas Muhammadiyah Sidoarjo, целью которого является расширение сотрудничества в обмене опытом, совместных научных проектах и исследованиях.

**Тамирис ӘБДІЛДИНА**



# «ДОСБОЛЛІКЕ: Протяни руку дружбы»

**Школьники страны подключились к республиканской акции «ДОСБОЛЛІКЕ: Протяни руку дружбы», которая стартовала 17 января по инициативе детских омбудсменов Комитета по охране прав детей Министерства просвещения.**

Цель акции – сплотить учащихся разных возрастных категорий на основе доброжелательных, уважительных взаимоотношений, сотрудничества, поддержки и взаимопомощи.

На сегодняшний день в рамках акции с участием школьников в социальных сетях опубликовано более 15 тысяч сообщений с хэштэгами #досболлайк #досболлайкакциясы #dosbollike.

В ходе акции дети и подростки принимают активное участие в мероприятиях, в которых каждый сможет максимально проявить себя, раскрыть свою индивидуальность, продемонстрировать внутренний потенциал, творческие способности и т. д.

Тематика мероприятий: «Творческое сотрудничество», «Малая интеллектуальная академия», «Спортивная дружба», «Мастерская умелых рук», «Хорошее настроение», «Добровольцы».

Напомним, акция завершится 17 февраля, после чего состоится челлендж «ДОСБОЛЛІКЕ: предложи руку дружбы».

**Комитет по охране прав детей Министерства просвещения РК**



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

# Ұлттық тәрбие – сапалы білімнің тұғыры

**Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Биылғы оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» кешенді жоспарына сәйкес жүргізілуде. Тәрбие жұмысының жоспарларында мектептердің білім алушылармен жұмыс кезінде сүйенетін құндылықтары көрініс тапқан.**



2023 жылдың қыркүйек айынан бастап облысымыздың мектептері Ақан сері композиторының 180 жылдығына арналған «Арқаның ақиығы – Ақан сері», «Отбасы және мектеп – диалогтан серіктестікке» жобасын іске асыру шеңберінде «Мектеп тәрбиесіндегі отбасы және серіктестер», «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» атты облыстық форумдарына, «Абай ілімі – ұлттың ұлы мұрасы» атты бейне-баспасөз конференциясына қатысты.

Оқу жылының басынан бастап мектептерде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды: «Мектеп – мейірім мекені» Білім күні, Ізгілік сағаты, «Назар аударыңыз, балалар!» акциясы шеңберінде іс-шаралар, Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» іс-шаралары, Дублер күні, Республика күніне, Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар, Оралхан Бөкейдің 80 жылдығы, С.Сейфуллин мен С.Торайғыровтың 130 жылдығы, Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына арналған іс-шаралар.

Сыныптан тыс іс-шаралар шеңберінде Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер», Еңбек күніне арналған іс-шаралар өткізілді. Оқушылар «Бабалар салған ізімен»... республикалық балалар айтысына, Қазақстан Республикасының әнұранын орындау, «Дене сергіту», «Шығарма жазу: болашаққа хат», «Асық ату» және «Қазақ есебі» челлендждеріне қатысты. Мектептерде «Өнегелі өмір», «Адал азамат – әділетті Қазақстан», «Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр», «Сыбайлас жемқорлық қайдан шығады?», Қазақ космонавтикасы күні, Абай доктринасының «Толық адам», 15 қараша – ҚР Ұлттық валютасы күні, «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ», «Әкеге деген құрмет – анаға деген құрмет» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Оқушылар, педагогикалық ұжым және ата-аналар қауымы «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке баруға көмектесу» акцияларына қатысты. «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен», «Қыз намысы – ұлт намысы» атты ата-аналар жиналыстары өткізілді. «Ұрпаққа аманат» жобасы аясында балалар музыка және өнер мектептері, колледждердің музыка бөлімдері педагогтерінің Шәкен Аймановтың мерейтойына арналған «Шабыт шаттық» және педагог-суретшілер үшін Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына арналған «Әбілхан Қастеев: өмір, шығармашылық, мұра» VIII аймақтық орындаушылық шеберлік байқауы өткізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде облыс мектептерінде өткізілетін барлық іс-шаралар білім алушыларды заңға, адам және азамат құқықтарына, бостандықтарға, ата-аналарға, үлкендерге, отбасына, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге, жоғары адамгершілікке, патриотизмге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға құрмет көрсету рухында тәрбиелеуге, сондай-ақ, өмірлік дағдыларды, құзыреттерді, дербес жұмысты, шығармашылық қабілеттерді дамытуға және мәдениетті, саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

**Қарағанды облысы білім басқармасының баспасөз қызметі**

МУЗЕЙ МЕН ТЕАТР

# Мәдени-тарихи құндылықтарды насихаттаушы



**Бүгінгі жас ұрпақтың өзінің өткені мен ата-бабаларының жеткен жетістіктерін зерттеуге, біліп-тануға деген қызығушылықтары артып келеді. Бұл дұрыс көзқарас және үлкен жетістік. Тарих біздің өміріміздің құрамдас бөлігі, сондықтан да өз тарихын білу, құрметтеу – бүгінгі жас буынның басты міндеті деп білеміз. Осы міндетті орындауда мектеп жасындағы білім алушыларға арналған түрлі орталықтар мен үйірмелер ашылып, баланы дамытуда қызмет етуде.**

Алматы қаласында орналасқан музейлерге бұдан бөлек оқушылар тегін барып, ұлы дала тұрғындарының қалдырған өркениет жетістіктерімен жақын танысуына мүмкіндік жасалған. Музей – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, тарихи мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Биылғы қаңтар айының 24-інен бастап оқушылар жергілікті атқарушы биліктің салалық құрылымдарына қарасты музейлерге тегін кіріп, тарихи жәдігерлермен танысуға мүмкіндік алды.

Бұл оқу процесін байытып қана қоймай, музейлерге бару арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті мен аналитикалық дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, оқушыларымыздың мәдениетке, өнерге және тарихқа деген терең қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді деп есептейміз. Аудандық білім бөлімінің қолдауымен №176 біздің білім ордасында «Онкүндікте 1 музей, 1 театр» жобасы қолға алынды. Бұл жобаның ерекшелігі мектептегі әрбір әдістемелік бірлестік өздерінің онкүндіктері аясында сыныптарды музей мен театрға апарып, тарихи жәдігерлермен таныстырады, мәдени тұрғыдан дамытады, рухани байып, тарихқа да көз жүгірте аламыз.

Оқушыларды музейге апару арқылы олардың ғылымға, білімге, тарихқа деген құштарлығын ашуға болады. Оған қоса мұндай шаралар балалардың бойында елге, жерге деген отансүйгіштік сезімін тәрбиелейді. Ұстаздар ұжымында қолға алынған тағы бір жоба – «Жас ғалымдар лигасы» атты тарихи-өлкетану үйірмесі. Басты мақсаты – алдағы уақытта тарихи-өлкетану музейін жасақтау мақсатын көздейді.

Үйірме жұмысы бойынша жинақталған мәліметтер, тарихи-археологиялық және этнографиялық заттай мәдениет жетістіктері музей жасақтауға пайдаланылады. Бұл іс-шараның мақсаты – оқушыларға тарихи-өлкетану мұражайы жайлы түсінік беру, ой-өрісін, танымдық қабілеттерін арттыру, туған өлке тарихына деген қызығушылығын қолдау және дамыту. Оқушылардың бойында ата-бабаларына деген құрмет сезімді және өзінің туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Нуржамал ДУЙСЕНБЕКОВА, №176 мектеп-гимназияның директоры, Абылай ТӨЛЕГЕНОВ, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы**

«ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ»

# Школа мудрости в детском саду

**В рамках реализации дорожной карты образования в КГКП «Центр полиязычного развития я/с №6» отдела образования города Экибастуза Управления образования Павлодарской области состоялость второе заседание Школы мудрости. В нём приняли участие около 60 семей воспитанников.**



Цель заседания – повышение роли казахстанской семьи, ее воспитательной функции, в том числе в сфере сохранения и развития национальных традиций, воспитания толерантного и уважительного отношения к культурному наследию, языку и ценностям всех этносов, проживающих в Казахстане.

Коллективом детского сада была проведена большая предварительная работа по подготовке данного мероприятия. В соответствии с разработанным планом действуют 4 школы: Школа дедушек, Школа бабушек, Школа отцов, Школа матерей. Руководители школ – педагоги нашего Центра развития Ахметова Ж.К., Оспанова Б.К., Муратова Л.Э., Антюшко И.В. – тщательно обдумывали с родителями варианты выступлений, способы подачи материала, собирали необходимую информацию, оборудование, атрибуты, одежду для выступления.

Такая работа имеет неоценимое значение в роли воспитания патриотизма у подрастающего поколения. Так закладываются основы любви к своей стране, знакомство с традициями и историей государства, уважение к старшим.

Мероприятие началось с торжественного выхода дедушек, бабушек, пап и мам по красной дорожке под аплодисменты детей.

Ребята порадовали гостей праздничным концертом, где прозвучали песни о семье, дружбе, детский оркестр исполнил кюй «Көне Тараз». Администрация детского сада подготовила сюрприз – исполнила песню о детском саде.

Согласно плану ежемесячно проводятся мероприятия, имеющие разнообразную тематику. На очередном заседании Школы мудрости старшие поколения передавали опыт подрастающему.

Так, на заседании Школы дедушек аксакалы знакомили детей с традиционными национальными ремёслами.



Для ребят принесли настоящее седло, уздечку, камчу, показали, как седлать коня. Продемонстрировали, как изготавливаются ювелирные украшения. Дедушки учили внуков плести камчу.

На заседании Школы бабушек было знакомство с забытыми национальными блюдами, такими как «Опке сүт», «Қаттама», «Бәліш», «Наурыз коже». Девочки практиковались в изготовлении «Ши баурсаков».

Школа матерей познакомила девочек с традиционными национальными блюдами «Бешбармак», «Баурсак», «Плов», «Курт», «Чак-чак». Мамы учили детей раскатывать тесто на бешбармак, делать баурсаки и курт.

Школа отцов была проведена в виде спортивного турнира, где папы с детьми показали силу и ловкость в казахских национальных играх «Қой көтеру», «Күміс алу», «Аударыспак», «Асык ату», «Арқан тарту».

Так состоялась встреча трёх и даже четырёх поколений, где старшие передавали свой бесценный опыт младшим, а также все получили урок взаимоуважения, любви, взаимопонимания. Окунулись в прошлое, вспомнили о своих исторических корнях, традициях своего народа.

**Елена ПОДВИЖЕНКО, методист КГКП «Центр полиязычного развития я/с №6» г. Экибастуза Павлодарской области**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

# Көшбасшылық курстың кереметі

**Дана халқымыз: «Білімдінің күні жарық», – деген. Демалу мен білімге деген құштарлығым бір арнаға тоғысып, былтырғы шілде айының 3–14-күндері аралығында Ақтаулық, Атыраулық әріптестермен бірге кадрлық резервті дайындаудың ауқымды мемлекеттік бағдарламасы аясындағы біліктілікті арттыру курсының базалық деңгейін оқыдым.**




Негізгі деңгей фокусында – әр педагог үшін маңызды мәселелер: мектепте білім берудегі трендтер, оқытудағы құндылыққа бағытталған тәсіл, оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, кәсіби игілік пен педагогтердің мектептегі кәсіби өзара әрекеттестігі. Курс аяқталасымен бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін түсіну, негізгі басқару және практикалық білік дағдыларының қалыптасуы критерийлері бойынша бағалаудан өттік және әрқайсысымыз болашақ топ-менеджерлердің негізгі тізіміне кіруге ниетті едік.

Сөйтіп, шілденің жиырма төртінде еліміздің барлық аймағының 275 жалпы білім беретін мектептердің директоры орынбасарымен бірге мен де кадрлық резервті дайындаудың ауқымды мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Мектеп басшыларының кадрлық резерві: әлеуеті және даму стратегиялары» курсының ілгері деңгейі тізіміне ендім. Үш аптаға созылған курс мен үшін несімен ерекшеленді?

Ең бірінші ілгері деңгей фокусында – топ-менеджерлерге арналған кестеде әр мұғалім үшін басты тақырыптар қамтылған: заманауи мектеп басшысының кәсіби мәртебесі және имиджі, оның ұлттық құндылықтарын қалыптастырудағы рөлі, мектепті басқару психологиясы және кадрлық менеджмент, білім беру процесіндегі цифрландыру және басқа өзекті мәселелер. Екінші ерекшелігі – біз алған білімімізді іс жүзінде қолдануымыз.

Қалай дейсіз бе? Біз педагогикалық шеберлік орталығы және EdCrunch Academy мәскеулік IT сарапшылары әзірлеген «Заманауи мектепті басқару» компьютерлік симуляторын қолдана алдық. Симуляторды оқу барысында біз виртуалды мектепті басқарадық. Басқару мүдделі тараптардың сұранысын зерделеуден басталады. Мектепті тоғыз аспект бойынша стратегиялық дамытуда бір мың алты жүзге жуық шешім қабылдадық. Осы арқылы басшы болудың оңай емес екенін, қабылданған шешім мен тараптардың сұранысын талдап отыру керек екенін түсіндім.

Курстың соңғы күні, яғни тамыз айының 11-інде ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевпен арнайы кездесу болды. Ғани Бектайұлы жобаның болашағы туралы айтып, топ-менеджерлерге сәттілік тіледі. Сәттілік серігім болып, жобаның келесі деңгейіне өттім. Төрт аптаға созылған кәсіби деңгей атына сай біздің кәсіби деңгейімізді өсірді. Астана қаласынан келген арнайы мамандар басқарудың қаржылық және құқықтық-нормативтік тетіктерін үйретті.

Курс барысында тәжірибелі басшылар өздерінің тәжірибесімен бөліссе, Жаһандық білім беру жөніндегі комиссиянын Азия хаб комиссары Күләш Шәмшидинованың ашық дәрісі бүгінгі білім берудегі басымдықтарымен ерекшеленді. Мектептің даму бағдарламасы, командалық жұмыс, инновациялық жобаларды енгізу сияқты өзекті тақырыптар бойынша білім алдық. Енді осы білімді мектебімізде тәжірибеде қолданамыз. Алда бізді Назарбаев Зияткерлік мектебінде тағылымдама күтіп тұрды. Бұл жобаның төртінші кезеңі.

Бір аптаға созылған тағылымдамада Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесімен танысып, баға жетпес құнды мәліметтер алдық. Жалпы жобаның әр кезеңнің өз ерекшелігі, құнды идеясы болды. Соңғы бесінші кезеңде министрліктің жанынан құрылған арнайы комиссия алдында әңгімелесуден өттік. Әңгімелесу барысында кейс стади әдісі арқылы жағдаяттық сұрақтарға жауап беріп, өзіміздің басшы ретінде шешім қабылдау дағдымызды сынға салдық. Сөйтіп, бес кезеңнен сүрінбей өткен 208 адам кадрлық резерв тізіміне ендік.

Өздері өзгерген, өзгеріс енгізуге дайын «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» жобасының алғашқы қарлығаштары биылғы қаңтар айының 19-ы күні елордасында сертификат табыстау рәсімінде бас қостық. Қазіргі таңда конкурстық рәсімсіз өз мектебіме директор болып тағайындалып, жұмыс істеудемін. Бұл жобаның мәресі болғанмен, менің басшылық жолымның басы болмақ. Алған білімімді ел игілігіне жұмсап, білім беру саласының дамуына өз үлесімді қосамын. Бұл жоба – отандық білім берудің болашақ топ-менеджерлерін дайындаудағы үздік жоба дер едім. Жоба жалғасын тауып, өзгеріске дайын кадрлық резерв қатары толыға берсін.

**Марал ТУЛЕКЕНОВА,**
**Алма Оразбаева атындағы жалпы орта білім беретін мектептің директоры, «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» жобасының түлегі, Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы**

*Бір аптаға созылған тағылымдамада Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесімен танысып, баға жетпес құнды мәліметтер алдық. Жалпы жобаның әр кезеңнің өз ерекшелігі, құнды идеясы болды. Соңғы бесінші кезеңде министрліктің жанынан құрылған арнайы комиссия алдында әңгімелесуден өттік. Әңгімелесу барысында кейс стади әдісі арқылы жағдаяттық сұрақтарға жауап беріп, өзіміздің басшы ретінде шешім қабылдау дағдымызды сынға салдық. Сөйтіп, бес кезеңнен сүрінбей өткен 208 адам кадрлық резерв тізіміне ендік.*

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100

# Бала көңілмен жазылған ұлы шығарма

**Қазақ әдебитетіне өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат алып келген көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың ғасырлық мерейтойы биыл ЮНЕСКО көлемінде тойланады. Ол – қазақтың біртуар перзенті, ұлы суреткерлерінің бірі, классик жазушы. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын шындықты шырқыратып жазуға арнап, қазақтың қайталанбас, өзіне ғана тән болмысын, бітімін әлемге танытты.**



**Рыскүл АҚНИЯЗОВА,**
**Ақшұқыр мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы**

«Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» туындылары – өзі өмір сүрген заманның шынайы келбетін көркем суреттеп, көз алдына елестетіп, шындықты бейнелеген шығармалар. «Менің атым – Қожа» десе, Бердібек Соқпақбаевтың есімі қатар жүретіні сөзсіз. Бұл шығарма несімен ерекше, несімен құнды? Әрине, ол жазушының ұлылығында. (Бұл шығарманы оқымаған, киносын көрмеген қазақ кемде-кем). Жазушы «шындық» деген ұстанымынан ешқашан айныған жоқ. Жазу шеберлігінде терең символика жатыр.

Символ дегеніміз не? Әдебиеттануда символдың орны ерекше. Символ – бір нәрсені, не құбылысты тура суреттеп, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарастырып, бүкпелей бейнелеу. Ең бастысы, символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді, шығармаға біртүрлі сыршыл сипат береді. (З.Қабдолов) . Символистік стильде шығарма тудыратын суреткерлерді екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы олқылықты түсініп, соны басқару кезінде жіберген саяси қателіктерге өз көзқарасын білдірушілер.

Екіншісі – шовинистік өктемдіктің негізінде, нәсілдік кемсітушілікке ұшыраудан туған наразылық. Соның нәтижесінде пікірлерін, ойларын астарлай ишаралап, жұмбақтай айтуға бейімделеді. Б.Соқпақбаевты осының біріншісіне жатқызамын. Себебі, саяси мәселелерге ішкі қарсылығын образдап, астарлап жазды, символизмнің құдіреттілігін қолданды. Символизм арқылы ұлтжандылық қасиетті қадірледі. Ұлтжандылық – ұлт ерекшелігін сақтап қалу. Ұлттық ерекшелік дегеніміз – өзге ұлттардан нәсілдік жағынан ғана емес, мінез-құлық, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім сияқты қасиеттерімен ерекшелену. Оны:

«Кейде екеуміз құдай жөнінде керісіп қаламыз.

– Құдай жоқ болса, дүниені кім жаратады?, – деп сұрайды әжем.

– Дүниені ешкім де жаратқан жоқ, өзі жаралды.

– Сен немене, сонда қасында қарап тұрып па едің, дінсіз неме?

– Қарап тұрғаным жоқ, кітаптан білем.

– Ал адамды кім жаратты?

– Адам маймылдан жаралған.

– Тәйт, сандалған неме. Сандаламай бар онда ормандағы маймыл әке-шешеңе», – деген үзіндіден анық аңғаруға болады.

Осылайша, ұлттық қасиеті тұралап жатқан елдің билігі жаттың қолына кетсе, соларға бағыныштты болатындығын жақсы түсінді, қазақи болмысты жоғалтпауды көздеді.

Енді бірде тоталитарлық жүйенің қате тұстарын балалардың әзіл-қалжыңы, алдау арқылы, қитұрқы істері арқылы көрсетеді. Шығармада балалық еркіндікке тыйым салатын себептер көп. Ондай шеңберден шығып кеткеннің мәселесі талқыға түседі. Жүріс-тұрыстары қаулымен бекітіледі. Өзімшілдік басқарудың тізгіні пионер жиналысына берілген. Осы кездегі коммунистік идеологияның өнімін Жантас сияқты өсіп келе жатқан балалар образы арқылы береді. Ал, халқымыздың тәуелді өмірін Қожа мен Сұлтан арқылы көрсетуі – осы екеуінің басындағыдай еркіндік болса деген шығармаға символикалық құпия түрде енгізілген жазушының арманы деуге болады.

Егер осының бәрін үлкендердің деңгейінде әңгімелесе, кеңестік кезеңнің солақай саясаты шығарманы шырғалаңның шыңынан ұшыратын еді. Жазушы бұл жерде балалық шақты айтқан болып, шеберлігінің арқасында, әсіресе, саяси сыншыларға ұстатпай, ұтқырлық танытқан. Шығарманың «Асығатыным да, аңсайтыным да ертеңгі болашағым» деп аяқталуы – шығарманың мәні еді. Осындай жазушыға көрсетіліп жатқан құрмет – асылды тот баспайтындығының жарқын көрінісі. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген даналықтың дәлелі осы болар.

ПАРАСАТТЫ ПЕДАГОГ

# Білім кеңістігіндегі математика білгірі

**Білім берудің күрделі өрнегін шешуге бар саналы ғұмырын арнаған білікті оқытушы болмысы білімді, менеджерлікті және шығармашылық шабытты өзара біріктіретін маман моделі ретінде көрінеді. Ал білім беру психологиясы мен педагогикасының принциптеріне сүйене отырып, саналы оқытуды әр білім алушының жан-жақты дамуына мақсатты түрде жұмыс жасау, күнделікті міндеттерді бұлжытпай орындау арқылы ғана жүзеге асырылады.**


Өмірбек Шаймұратұлы Төлеген

Жеке айырмашылықтарды егжей-тегжейлі түсіну, үздіксіз кәсіби өсу және терең жауапкершілік сезімі арқылы оқытушы интеллектуалды қызығушылықтың сәулетшісіне айналады, бұл сыныптан тыс резонанс тудыратын динамикалық және трансформациялық оқу ортасын қалыптастырады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, саналы оқытушы дәлелді тәжірибелердің, рефлексиялық педагогиканың және білім берудің когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік өлшемдерін тәрбиелеуге деген шынайы ізденімпаздықтың байланысын білдіреді.

Міне, осындай ұстаздық тағылым мен тәжірибе тоғысатын білім берудің динамикалық саласында еңбек етіп, математикалық шеберлікке деген мызғымас адалдығы арқылы әріптестері мен сансыз шәкірттерінің жүрегінде өшпес із қалдырған, өз ісіне берілген педагогтің бірі де бірегейі – Өмірбек Шаймұратұлы Төлеген. Өмірбек Шаймұратұлы – еңбек жолы басталғаннан бергі төрт онжылдық ішінде педагогика саласында шабытты шамшырақ бола білген ұстаз. Ұстаздықтың сара жолы салынған сапарда педагогикаға, математика ғылымына деген терең құштарлықпен кіріскен ол ұстаздық шеберліктің, мызғымас адалдықтың символына айналды.

1985 жылы Щучинск қаласындағы педучилищеде математиканы оқыту әдістемесі пәнінің оқытушысы, 1990 жылы қазіргі Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2005-2006 жылдары директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары орынбасары қызметін, 2006 жылдан бастап оқу орнымызда математиканың теориялық негіздері және бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі пәндерінің оқытушысы әрі 2023 жылдан директордың практика жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда.

Осы жылдар ішінде педагогика, бастауыш мектепте математиканы оқыту, шағын жинақталған мектептер мәселесін зерттеп қана қоймай, оқыту, сапалы білім беру өнерін де шыңдады. Өмірбек Шаймұратұлының педагогикалық шеберлігі оқытудың инновациялық әдістері оқушылардың әртүрлі оқу стильдерін терең түсінумен үйлестіре отырып, жаңашыл ұстаздық жолын қалыптастырды. Ұстаздық еңбегі бағаланып, 2000 жылы білім беру саласында адал еңбегі үшін «ҚР білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі, 2011 жылы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі табысталды.

2016 жылы жас ұрпақты тәрбиелеуге қосқан зор үлесі үшін «Армия генералы С.Нұрмағанбетов» медалімен, 2019 жылы білім саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Үздік ғылыми жоба жетекшісі» төсбелгісімен, 2021 жылы «Сала игілігі» орденімен, ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіпкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін төсбелгісімен, 2022 жылы «Педагогтің кәсіби міндеттерін үлгілі орындағаны үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Сонымен қатар, педагог жетістігінің тағы бір шынайы өлшемі – білім алушылардың жетістіктері. Проактив ұстаз Өмірбек Шаймұратұлы көптеген студенттердің академиялық жолын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, олардың көпшілігі бастауыш білім беру мен жалпы педагогика саласында жетістікке жетуде. Қырық жылдық еңбек өтілі бар үзеңгілес әріптес қазіргі өзгермелі білім беру ландшафттарына жылдам бейімделудің алдыңғы қатарында болды. Әсіресе математиканы оқытуда, шағын жинақты мектептерде сапалы білім беруді ұйымдастыруда интербелсенді технологияларды оқу процесіне енгізуде, жаңа педагогикалық тәсілдерді қолдануда барлық білім алушылар мен мамандарға ең жақсы тәжірибесін ұсынуға әрдайым дайын педагогтердің бірі.

Жас буынның тәлімгері ретінде жаңадан келген оқытушыларға, түлектерге әдістемелік қолдау көрсетуде шешуші рөл атқарды. Мысалы, 2007 жылы «Фолиант» баспасынан «Кәсіптік білім» сериясымен шыққан, республикадағы барлық педагогикалық колледждердің қолданысындағы «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығының студенттеріне арналған «Математиканың теориялық негіздері» атты оқулықтың авторы.

2018 жылы «Ақнұр» баспасынан басылып шығарылған «Бастауыш сынып мұғалімі» мамандығының студенттеріне және бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Логикалық жаттығулар мен қызықты тапсырмалар» атты оқу-әдістемелік құралы, 2019 жылы Қарағанды қаласы «Ақнұр» баспасынан жарық көрген «Шағын жинақты мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы» оқу құралы көп жылдық педагогикалық тәжірибе ізімен жүруге ұмтылатындар үшін жолбасшы қызметін атқарады. Бұл математикалық білім берудегі, педагогикалық озық жетістіктерді ғылыми тұрғыдан зерттеуді дамытуға ықпал етеді.

Бүгінде қамал алар жігіттің шағындай кезеңді артқа тастап, зейнеткерлікке қадам басқан Өмірбек Шаймұратұлы жаңа жиырма бірінші ғасыр педагогінің келбетін, кәсіпқойлықты, бейімделгіштікті және білім беру үдерісінің алуан түрлі динамикалық сипатын танудың үйлесімін көрсетеді. Кәсіби мамандығының дәстүрлі аспектілерін қазіргі заманғы педагогика тенденцияларына заманауи оқу ортасымен үндес элементтерді біріктіреді.

**Нұртас АХАТ,**
**Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Ақмола облысы**

АСТАНА ҚАЛАСЫ

# «Шебер ұстаз» аймағы ашылды

**Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінде қалалық әдістемелік орталықпен бірлескен түрде «Заманауи мектеп: даму және ынтымақтастық мүмкіндіктері» атты республикалық семинар аясында «Шебер ұстаз» аймағы ашылды. Бұл шығармашылық аймақ көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ахметкалиев Ерлан Әлімханұлының еңбек жолына арналды.**

– «Шебер ұстаз» аймағын ашудағы басты мақсатымыз – қолда бардың қадірін түсіну, жақсылықты жаршы ету, жанымызда жүрген әріптестеріміздің еңбегін бағалау, көпшілікке дәріптеу. Сондай-ақ, оқушыларға рухани әрі шығармашылық демалыс аймағын жасау болды. Ұстазымыздың жұмыстарын көрсете отырып, өнерге деген қызығушылығын, талабын ояту, қолдау және бағыттау, – дейді ұстаздар ұжымының жетекшісі Гүлжан Төлеуова.

Ашылу салтанатына Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығының жұқпалы аурулардың алдын алу Департаментінің директоры Қанат Текебаев, вакцинаға сұраныс пен қабылдауды арттыру бойынша ДДСҰ бағдарламаларының ұлттық үйлестірушісі Сәуле Қасымова, Ақбота Абильдина дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілдігі, балалар мен жасөспірімдер денсаулығы бойынша кеңесші, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілдігі, сондай-ақ, республиканың бірнеше облыстарынан, атап айтқанда, Қарағанды, Ұлытау, Павлодар облыстарының орта білім беру ұйымдарының басшылары, әдіскерлер мен елордалық білім басқармасы, әдістемелік орталық қызметкерлері, астаналық мектептердің орта білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

«Шебер ұстаз» аймағының ерекшелігі, орналасқан барлық шығармашылық бұйымдар Ерлан Әлімханұлының өз қолынан шыққан.

– Көрме жұмыстарынан бастап, табиғат көрінісі, тіптен демалу аймағындағы жұмсақ орындықтарға дейін осы ұстазымыздың туындысы. Осы білім ордасында еңбек етіп келе жатқан он жылда, әр оқу жылында жүлдесіз қалған емес. Табиғатпен ұштасқан мінезі тұйық, сабырлы, сыпайы, байыпты Ерлан Әлімханұлы әр жұмысын мамандығына адал кәсіби шебер ретінде барлық ынта жігерімен тыңғылықты жасайды. Қолданыстан шыққан қалдық бұйымдарға жаңа өмір сыйлаған шығармашылық еңбегін көрген жан таңданбай қалмасы анық, – дейді осы мектептің директоры.



**Астана қалалық білім басқармасының баспасөз қызметі**

ІСМЕР ҰСТАЗ

# Қыз жасауын тігумен айналысады

**Бәйдібек ауданының Ынтымақ ауылында орналасқан С.Жиренов атындағы негізгі орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жұматаева Раушан ұстаздықпен қатар қыз жасауын тігумен айналысады. Кейіпкеріміздің бала күнгі арманы ұстаздық етіп, шәкірттерге ұлттық құндылықтарды насихаттап, өнерге баулып тәрбиелеу болған.**

Сол арманы орындалған шебер ұстаз оқушыларға гобелен тоқуды, кесте тігуді, бисермен, паеткамен түрлі картиналарды жасауды үйретіп жүр. Оның жасаған бұйымдары аудандық, облыстық, республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болған. Раушан Нұржанқызына ісмерлік өнер анасынан дарыған. Кішкентайынан анасының тіккен бұйымдарын, тоқыған заттарын көріп қатты қызығушылығы оянған. Құрақ құрау өнері шыдамдылықты, әдемілікті, шеберлікті, ұзақ ізденісті қажет етеді.

– Бұл өнерім көпшілікке қатты ұнауда. «Тұрмысқа шыққан қыздарына жасау тігуге көмек керек» деген жандардың өтінішін жерге тастаған емеспін. Сонымен қатар, карантин уақытында қыздың жасауына тапсырыстар көп түсе бастады. Сол тапсырыстарды орындауда ең бірінші көмекшілері қыздарым, абысын-келіндерім келіп, қолымды ұзартты. Қыздарым оюларын жапсырып, маталарды қиып беріп отырды. Мен құрақ құрау өнерін зерттей келе, бұл өнердің арнасы мен мүмкіндігі мол екеніне көз жеткіздім, – дейді ол.



Жұматаева Раушан бізбен әңгімесінде келешекте тігіс тігуге арналған қажетті станок алып, жұмыссыз отырған қыз-келіншектерді осы кәсіпке баулысам деген алдағы жоспарымен де бөлісті.

**Түркістан облысы білім басқармасының баспасөз қызметі**

ДОШКОЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ

# Счастливое и беззаботное детство

**В 2023 году в своем сентябрьском Послании народу Казахстана Президент Касым-Жомарт Токаев потребовал ужесточить наказание за любые формы насилия в отношении детей. В частности, он сказал: «Требую ужесточить наказание за любые формы насилия в отношении несовершеннолетних. Основы формирования гармоничной личности и ответственного гражданина закладываются в детском возрасте. У каждого ребёнка в стране должно быть счастливое и безопасное детство».**

Детство – это время, когда ребенок должен чувствовать счастье, любовь и беззаботность. Однако современная жизнь с ее стрессами, чрезмерной загруженностью, а также с ее технологичностью и социальным давлением не всегда позволяет детям в полной мере ощутить все эти чувства. Поэтому так важно дать возможность современным детям прожить этот период так, чтобы они выросли здоровыми и счастливыми людьми. Именно этот принцип стал основополагающим в работе нашей дошкольной организации.

Самое важное в пребывании ребенка в детском саду – это то, что здесь имеются огромные возможности для развития его игровой деятельности во всем ее разнообразии. Наши педагоги подбирают такие игры, которые помогают детям формировать способности в креативном и логическом мышлении, развивают речь, память, внимание, моторику и координацию движений.

В детском саду у дошкольников воспитывается умение взаимодействовать в коллективе сверстников, то есть формируются качества, необходимые для дальнейшей социализации в школьном коллективе, а в дальнейшем и в мире взрослых.

Образовательный процесс в детском саду проводится исключительно в игровой форме, без излишней школяризации. Квалифицированные педагоги строят организованную деятельность таким образом, чтобы максимально заинтересовать ребенка, учитывая при этом его возрастные и психологические особенности.

Различные спортивные мероприятия, занятия по интересам в творческих мастерских, экскурсии к памятникам нашего города, чтение книг, посещение библиотек, парка развлечений и многие другие мероприятия формируют у детей положительное отношение к пребыванию в детском саду, а также создают благоприятный эмоциональный настрой.

Для полноценного физического и психологического развития детей создаются все необходимые условия: правильное питание, соблюдение режима сна и физической активности. Чтобы каждый ребенок чувствовал себя защищенным и уверенным, в нашем дошкольном учреждении работают сотрудники охранного агентства, контролирующие окружающую территорию и, при необходимости, предупреждающие о возможных опасностях, а с дошкольниками проводятся практические занятия, цель которых – научить детей правильно вести себя в непредвиденных ситуациях.

Педагоги дошкольного учреждения в сотрудничестве с родителями должны приложить все усилия, чтобы обеспечить все условия для полноценного развития ребенка, для его благополучного эмоционального и физического здоровья. Важно суметь развить творческие и интеллектуальные способности каждого ребенка и в то же время обеспечить все условия, чтобы каждый день своего детства он проживал максимально комфортно и счастливо, чтобы в конечном итоге из ребенка смогла сформироваться сильная и независимая личность. И это то, в чем смысл работы настоящего педагога в частности и каждого дошкольного учреждения в целом.

**Юлия ГАБАЙДУЛИНА,
и.о. директора
яслей-сада «Ботагоз»
г. Шахтинска
Карагандинской области**

ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

# Музыкальное воспитание как средство обучения и фактор всестороннего развития личности ребенка

**Музыкальная школа является начальным звеном общего музыкального образования и воспитания. Одной из задач ДМШ является выявление способностей у ребенка и направление этих способностей в нужное русло, возможность помочь учащимся выявить меру своего таланта и сделать выбор возможно будущей профессии.**



**Анара ЖАМАНОВА,
директор Детской музыкальной школы
г. Курчатова области Абай**

Музыкальное воспитание – одна из главных составляющих эстетического воспитания. Оно играет важную роль в развитии личности ребенка. В современных условиях музыкальная школа является основным направлением развития и распространения музыкальной культуры. В методику музыкального воспитания входит совершенствование форм учебно-воспитательного процесса музыкальной школы: уроки по специальности, теоретические занятия, коллективное музицирование, предмет по выбору, внеклассные мероприятия (концерты, конкурсы, праздники и др.) Все эти виды деятельности очень важны для всестороннего развития учащихся и формирования их духовной культуры. С самого первого дня начинается воспитание и обучение, необычный класс с инструментом, педагог с теплым и радушным приемом, все это оказывает большое влияние на поведение ученика. Основой воспитательной работы является содержание урока, работа над музыкальным произведением и выбор репертуара, что является важной и значимой частью всего обучения. Знакомство с музыкой разных стран, разными жанрами, грамотно отобранные произведения и выбор репертуара, что является важной и значимой частью всего обучения. Знакомство с музыкой разных стран, разными жанрами, грамотно отобранные произведения для работы в классе – все это благоприятно отражается на результатах не только общемузыкального и технического, но и культурного развития учащегося.

Достижение этих целей требует следующих волевых качеств: цепкого внимания, сосредоточенности, настойчивости, усидчивости, стремления достичь большого и, конечно, огромного желания.

Дети, которые могут организовать свое время и с ответственностью подходят к работе, значительно опережают в успехах детей более одаренных, но недостаточно организованных и не обладающих необходимыми волевыми качествами, но достаточно дисциплинированным вниманием.

Учебно-воспитательные задачи, которые решают преподаватели ДМШ, в своей основе едины, это объясняется особенностью занятий в музыкальной школе, где музыка – это и объект познания, и средство воспитания. Знания о музыке играют большую роль в воспитании и становлении личности, придавая эстетическому развитию детей значимость и актуальность.

Система музыкального воспитания детей направлена как на выявление талантов и дарований, так и на повышение культурного кругозора. Музыка позволяет ребенку воспринимать окружающий мир более ярко, видеть добро и зло, искренность и притворство. В современном мире, когда ребенок постигает его через интернет, на него выливается огромный поток информации. Музыкальное воспитание – уникальное средство формирования единства эмоциональной и интеллектуальной сфер психики ребенка, поскольку оказывает огромное влияние на развитие музыкального вкуса, аналитического мышления и общего музыкального развития ребенка.

ТиПО

# Конкурсы по программированию – это большие возможности

**Участие студентов в конкурсах по программированию – это не только возможность проверить свои знания и навыки, но и шанс показать свой потенциал и получить признание в профессиональном сообществе.**



**Майра УАИСОВА,
преподаватель спецдисциплин
Костанайского политехнического высшего колледжа**

Студенты и преподаватели Костанайского политехнического колледжа являются активными участниками конкурсов по программированию. Преподаватели кафедры информационных и экономических дисциплин КПВК активно сотрудничают с филиалом РГППУ в Нижнем Тагиле и являются соорганизаторами различных мероприятий. Недавно студенты и преподаватели кафедры принимали участие в Международном конкурсе компьютерной графики и Международной интеллектуальной игре по программированию.

Международный конкурс компьютерной графики был посвящен теме «Мой город: образование, педагоги и наставники в твоем городе». Участникам предлагалось выполнять задания в различных категориях.

Общее количество участников в этом году было 267. География конкурса различна. В нем приняли участие образовательные учреждения Нижнего Тагила, Лесного, Гимназиия г. Калинковичи, Гомельская обл., Беларусь, Пинский колледж УО «БрГУ им. А.С. Пушкина, Мозырский государственный педагогический университет имени И.П. Шамякина, Беларусь, филиал БГТУ «Витебский государственный технологический колледж», КГАПОУ «Авиатехникум», Филиал БНТУ «Жодинский государственный политехнический колледж», УО «Минский государственный колледж технологии и дизайна легкой промышленности», КГКП «Костанайский строительный колледж», Казахстан и др.

Наибольшее количество работ было представлено в разделе «Цифровое фото». Одна часть участников показывала организацию своего досуга внутри класса, другая – интересные моменты, которые возникали во время учебных занятий или на переменах.

В разделе «Коллаж/фотомонтаж» участники показывали моменты, от которых зависит успех развития личности. Многие участники старались показать важную роль наставников, любимых учителей на пути становления личности.

Будущее системы образования участники видели в интересных и разноцветных зданиях школ, современной школьной форме со смарт-часами, в которых помещается расписание уроков, интерактивными аудиториями, в которых ведутся занятия с помощью искусственного интеллекта.

По итогам конкурса хочется поздравить преподавателя специальных дисциплин кафедры ИиЭД Тулегенова Е.Н. с 1 местом в номинации «Цифровое фото» – «Мы учим, и нас учат» и студента 1 курса прикладного бакалавриата ВТиИС Ткаченко Романа, занявшего 3 место в номинации «Педагогическая графика» – «Учебные стенды в кабинет».

Студенты КПВК приняли участие в ежегодном мероприятии «Интеллектуальная игра по программированию». Игра проводилась для студентов из разных городов и стран в дистанционном формате. В очном туре приняли участие 9 команд. В состав команды входило 3 человека. Команду колледжа представляли студенты группы БТП-1 прикладного бакалавриата специальности «Вычислительная техника и информационные сети» Дуйсенов Галым, Комаргин Андрей и Елецкий Владислав с девизом «Мы на скоростях».

Наряду со студентами из Костанайского политехнического колледжа в брейн-ринге приняли участие Пинский колледж УО «БрГУ им. А.С. Пушкина», Мозырский государственный педагогический университет, УО «Барановичский технологический колледж», Республика Беларусь, Горнотехнический колледж г. Степногорска, ТОО Жанаозенский политехнический колледж. Участники отвечали на вопросы дистанционно с помощью системы Moodle.

Игра проходила весело, интересно, и команда SSD КПВК заняла 3 место, с чем мы и поздравляем ребят! Все участники были отмечены сертификатами, а я как руководитель – благодарственным письмом!

Участие студентов в конкурсах по программированию – это отличный способ для них развиваться и показать свой потенциал в IT-сфере. Студенты, которые хотят работать в IT-сфере, должны обязательно принимать участие в таких конкурсах, чтобы получить опыт и знания, необходимые для успешной карьеры в этой области.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ

# Математика – ғылымдар патшасы

**Математика – ойды жетілдіретін ғылым, ғылымдардың негізі, ғылымдардың патшасы. Математика адамдарға ой салу арқылы толғандырып, ойын жетілдіреді. Ол бізді қоршаған ортаны танып-білуге, заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда дәлдік, тереңдік, жүйелілік, біріздділік тұрғысынан алғанда математикамен ешқандай ғылым теңестіруге келмейді.**



**Зарина МУСЛИМБЕКОВА,**
**Қ.Кемеңгерұлы атындағы №49 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,**
**Астана қаласы**

Бастауыш сыныпта математика әдебиеттік оқу пәнімен тығыз байланысты. Өз тәжірибемде сабақта ертегі-есептер, жұмбақтар мен мақалдарды көптеп қолданамын. Соның ішінде оқушыларға ерекше ұнайтыны – ертегі есептер. Математика сабағында ертегілерді қолдану оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, тақырыпты тереңірек түсініп, зейінін тұрақтандырады.

Әр әңгімеде белгілі бір математикалық ұғым, есеп, тарихи дерек әдіспен байланысты мәселе қарастырылады. Оқушы математикалық ертегіні оқи отырып, ондағы оқиғаны түсініп, талдап, есебін шығарады. Ертегі кейіпкерлері туралы есеп. «Ай мен тігінші». Ай өзіне көйлек тіктірмек болып, тігіншіге барады. Тігінші айдың өлшемін алып, үш метр мата сатып алады. Уәделескен уақытында ай көйлекті кисе, сыймай қалады. Тігінші аң-таң болып, тағы үш есе артық мата сатып алып көйлек тігеді. Мерзімі келгенде ай тағы көйлегін киіп көрсе қысқа болып, тағы сыймайды. Тігінші тағы да: «Дұрыс өлшемеген екенмін ғой», – деп, аң-таң болады. Айдың неге толыса беретініне тігінші түсінбейді. Сонымен қайта өлшеп, тағы да 2 есе артық мата сатып әкеп, қайтадан тігуге кіріседі. Екі есе толысып кеткен Ай тағы көйлегін алуға келе жатса, тігінші сасқалақтап басы ауған жаққа жүгіре жөнеледі. Сол себепті, Ай көйлексіз жалаңаш қалыпты. Қалай ойлайсың, Айға көйлек тігу үшін тігінші барлығы неше метр мата жұмсаған?

| 1 | 4 | 6 | 9 | 1 | 9 | | 5 | 1 | 2 | 10 | 3 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

I- A IY-Н Y-Р II-Д YI-Т IX-У III-Е X-Ь

1-сурет

Тәрбиелік жағынан алсақ – бұл ертегілер ынтымақ пен достыққа тәрбиелейді. Яғни, педагогиканы оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту қағидасын жүзеге асырудың ұтымды әдістерінің бірі. Математика жаратылыстану сабағымен қалай байланысты? Табиғат дүниесіндегі заттардың, құбылыстардың барлығында белгілі шама болып, ол белгілі кеңістікте сақталады. Оның үстіне сандық шамалар тәуелділігі мен кеңістік формалары математиканың ең басты обьектісі болып табылады. Сондықтан, математика – жаратылыстың ғылым.

Жаратылыстану сабағы зерттеушілік, тәжірибелік сабақ болып табылады. Өйткені, оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. «Уақытты қалай өлшейміз?» тақырыбын өту барысында «Кім бірінші?» ойынын ойнатамын *(1-сурет)*.

Оқушылар кестеге рим цифрларын жазып, оятқышты ойлап тапқан ғалымның есімі тапқызамын. Одан кейін сағаттың циферблатының модельдерін жасатып, минуттық және сағаттық тілдерін жылжыту арқылы уақытты үйренуге бағыт беремін.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А 1 | Ә 2 | Б 3 | В 4 | Г 5 | Ғ 6 | Д 7 | Е 8 | Ж 9 | З 10 |
| И 11 | Й 12 | К 13 | Қ 14 | Л 15 | М 16 | Н 17 | О 18 | Ө 19 | П 20 |
| Р 21 | С 22 | Т 23 | У 24 | Ұ 25 | Ү 26 | Ш 27 | Ы 28 | І 29 | Я 30 |

Тапсырмаларды орындап, жасырылған сөздерді оқы.

**1.Біздің зымыран қалай аталады?**

| 20:5+3 | 4x3+6 | 40:20x2+2 | 18:2+14 | 7x4 | 5x2+4 |
|---|---|---|---|---|---|
| **7** | **18** | **22** | **23** | **28** | **14** |
| **Қ** | **А** | **Й** | **Р** | **А** | **Т** |

**2. Әуе шарын ойлап тапқан ел?**

| 45:5x3 | 100-99 | 32:4-3 | 10:10 | 35:5+8 | 25:25 | 2x3 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **27** | **1** | **6** | **1** | **15** | **1** | **6** |
| **Ф** | **Р** | **А** | **Н** | **Ц** | **И** | **Я** |

**3.Ең жылдам ұшатын жолаушылар ұшағы**

| 15:5+10 | 6x3 | 12:6+15 | 100-87 | 84-66 | 10+3 | 56:8 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **13** | **18** | **17** | **13** | **18** | **23** | **7** |
| **К** | **О** | **Н** | **К** | **О** | **Р** | **Д** |

2-сурет

Дегенмен де, бұл сабақ математика, көркем еңбек пәндерімен тығыз байланысты екендігін байқауға болады. «Жұлдыздар. Аспан әлемі» тақырыбындағы сабақта «Ойнайық та, ойлайық» ойынын жүргіземін. Кестеде берілген цифрлар мен әріптер арқылы құпиясөзді шеше отырып, пәнге қызығушылығын арттырамын *(2-сурет)*. Мысалы, өзім құрастырған бірнеше логикалық тапсырмаларды назарларыңызға ұсынамын *(3-сурет)*.

**Математикалық ребустар**

```
   ШЫҒАР      2) БАҚ      3) ЖАР
+  МЫҚТЫ      + БАҚ       + ЖАР
   ———————     ——————      ——————
   БОЛСАҢ      САБАҚ       АЖАР
```

**Жұмбақ есептер**

Қанат қақпай төбемізде тұратын не?

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ы** | 45 | : | 9 | = | | |
| **н** | 7 | x | 4 | = | | |
| **ш** | 8 | : | 2 | = | | |
| **б** | 10 | x | 3 | = | | |

| 4 | 5 | 30 | 5 | 28 |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

3-сурет

# Дене шынықтыру пәнінің тиімділігі

**Дене шынықтыру мектеп оқушыларының шымырлық пен шыдамдылыққа, сұлулық пен адам баласының тұрақты қалыптасуына жол ашатын спорттың бір түрі. Бұл жас жеткіншектер өміріне өте қажет дене жаттығуларының үйлесімділігін келтіретін ойын. Дене шынықтыру сабақтары процесінде білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру міндеттері шешіледі. Дене тәрбиесі сабағында спорт құрал-жабдықтарын пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.**

Сонымен бірге жазу, сурет салу аса қажет болатын қол саусақтарының майда бұлшық еттерін дамытуға мүмкіндік береді. «Дене шынықтыру» сабағының мақсаты: оқушыларды дене шынықтырудың негіздерімен таныстыру болып табылады, нақты айтқанда, олардың спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене шынықтыру (физикалық) қабілеттерін меңгеруімен қатар саламатты денені шынықтырудың дамуына ықпал етеді.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бастауыш мектеп оқушыларды оқытуға арналған оқу бағдарламасы келесі міндеттерді іске асыруы тиіс: денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету; қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру; қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру; негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікті, шапшаңдықты жәнеептілікті дамыту.

Әрі ерікгілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы көзқараспен тәрбиелеу; әдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу; гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту оқушыларға: пән туралы білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын күнделікті өмірлерінде қолдануға; қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және оқушылардың дене дамуын жетілдіру қажеттілігін бағалауға; адамгершілік қасиетін дамытудың маңыздылығын түсінуге және әділ бәсекелестік пен өздерін үздіксіз дамытудың қажеттілігін түсінуге; жеке гигиена туралы ережелерін сақтау қажеттілігін түсінуге; дене қимыл-қозғалыс жаттығулары адамның дене жүйелеріне әсерін білуге; өзінің және басқалардың дене жағдайын бағалауға; сыни тұрғыдан, шығармашылық ойлау қабілеттерін және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру сабағы кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерінен тұрады. Кіріспе бөлімі оқушылардың сергек көңіл-күйін, дене шынықтырумен шұғылдану ынтасын арттыру және бағдарлама сабақтың негізгі бөлігінде күрделі дене жаттығуларын орындауға даярлығын жасау үшін пайдаланылады. Сабақтың негізгі бөлігіне оқу бағдарламасындағы дене жаттығуларының түрлері енгізіледі. Арнайы іріктеліп алынған дене жаттығуларының көмегімен денені жалпы жетілдіріп, жекелеген дене мүшелерінің қызметін жақсартуға болады.

Мен сабақта балаларға арналған қозғалмалы ойындарға көңіл бөле отырып, спорттық ойындарды қызықты ұйымдастыру арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып отырамын. Оқушыларды төзімді, жылдам, епті болуын дамыта отырып, дененің жалпы даму сапасын арттырады. Оқушыларды қарсыласын сыйлауға, ойын кезіндегі әділдікке, жолдастық сезімге, ойынды жетілдіруге тәрбиелейді. Жаттығулар, әр қилы ойындар оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызады. Осы көтеріңкі ілікті басып, оқушыларды келесі сабақтарға даярлау сабақтың үшінші, қорытынды бөлігінің міндеті. Сабақ жалпы сап түзеумен, қорытынды жасаумен аяқталады.

**Нұрсұлтан ЕСЕНӘЛІ,**
**Қ.Кемеңгерұлы атындағы №49 орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,**
**Астана қаласы**

# Ұлт ұрпағының дене тәрбиесі

**Балалар денсаулығын қорғау – бұл мемлекеттің мәселесі. Өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесі – бұл жасөспірімде дене шынықтыру мен спорт білімін, біліктілігін және дағдысын қалыптастыру, дене шынықтыру мен спорт сабақтарының жүйелілігіне үйрету, денсаулықтың, ақыл-ой мен физикалық жұмысқа қабілеттіліктің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету мақсатымен санитарлық-гигиеналық біліктілік пен әдеттерін баулу, дағдыландыру.**

Әрбір нақты бір мекеме түрінің дене шынықтыру сабақтарында түзете-орын толтыратын арнайы да, ортақ та міндеттері шешіледі. Арнайы (түзету) білім беру мектебінде, мектеп-интернатта ақыл-ой кемістігінің әртүрлі ауыр дәрежесі бар балалар барлығы дене шынықтыру сабағына қатысады, қала, республикалық спорттық іс-шараларға да қатысады. Ақыл-ойы кем көптеген балалар топтарының түрлі дене тәрбиесіне арналған мерекелік іс-шараларға қатыспауы моториканың бұзылысына және дене бітімдерінің дамымауына байланысты болады.

Дамуында кедергілері бар балаларға арналған арнайы түзету мекемелерінің балаларына дене тәрбиесімен айналысу арнайы бағдарламалармен енгізілген. Дене тәрбиесімен айналысу қазіргі таңда психомоторика мен сенсорлық үдерістердің, сауықтыру мен реабилитацияның, бейімделу мен терапияның даму құралы ретінде қолданылады. Дене бітімінің дамуында психикалық ауытқулары бар балаларға, жан-жақты көмек көрсету үшін дене жаттығуларын кешенді түрде жасау көмектеседі.

Ақыл-ойы кемдік этиология, патогонез, психикалық және клиникалық белгілер бойынша, ауру кезеңінен, аурудың ағымына байланысты болады. Ақыл-ойы кем клиникалық градациясы бар балалардың дене бітіміндегі кемістігі мен психикалық даму ерекшелігінде кемістік бар балалардың моторикалары мен дене дамуларында түрлі кемшіліктер болады. Олигофрен балалардың қарапайым қозғалыс қызметтерінің қалыптаспауы ми қабаттарының зақымдануынан болады; моториканың күрделі бұзылуы қозғалу анализаторының зақымдануынан, сонымен бірге сөйлеу қызметінің зақымдануынан болады.

Дене шынықтыру бұл жерде емдік модуль ретінде қарастырылуы керек. Сараптама қорытындысы бойынша дамымау кемшіліктері және соматикалық бойынша, ақыл-ойы кем балалардың қозғалыс денсаулығы дайындықтары бойынша дене шынықтыру топтарына бөлінеді: медициналық классификация бойынша олар үшеу: негізгі, дайындық және арнайы. Ақыл-ой кемістігінің жеңіл түрі бар балаларда әлеуметтік, эмоционалдық, жүріс-тұрыстық бұзылыстар түрлі координациялық күрделі жаттығуларды орындағанда көрінеді.

Он жеті жаста болса да, олардың орындаған жаттығуларының сапасы осы жастағы мектепте оқитын балаларға қарағанда өте төмен көрсеткішті көрсетеді. Бұған себеп көп. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – олигофрен балалардың кинестетикалық сезімдерінің дамуы төмен. Бір орыннан ұзындыққа секіргенде, көптеген жасөспірімдер секіруді жүгіріп келіп секірмейді; аяғын бүгіп арнайы «аттан» дұрыс секіргенде, «ешкіден» секіруі де дұрыс орындалмайды.

Олигофрендердің дебилдік деңгей кезіндегі қозғалыстары нұсқаулықпен келіспейді, бірінші орынға уақытша қозғалыстың дифференциясы және кеңістіктегі қозғалыстары жатады. Арнайы түзету мектептерінде, арнайы мекемелерде түзету гимнастикалары пайдаланылады (ТГ). Сабақ өткізгенде түзету гимнастикасының кемшілік жүйесін анықтап, соңынан кемшілігіне әсер ететін жаттығуды орындату қажет.

**Руслан НУГМАНОВ,**
**Қ.Кемеңгерұлы атындағы №49 мектеп-гимназияның дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,**
**Астана қаласы**

ОРТА БІЛІМ БЕРУ

# Білім сапасын арттырудағы белсенді әдіс-тәсілдер

**Мақсаты – шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық білімі жоғары тұлға тәрбиелеу. Міндеті – білім беру үдерісінде оқытудың жаңа технологияларын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық басылымдармен танысу. Сабақта оқытудың ақпараттық білім беру технологияларын тиімді қолдана білу.**



**Гульнур МУСАГУЛОВА,**
**Титов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,**
**Жетісу облысы,**
**Ескелді ауданы**

Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалім тәлімін алып, білімін үйрендік! ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, болашағымыздың кілті – ұстаздың қолында. Әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдерінің білім негізін қалаудағы орны ерекше. Өзім жаңа замандағы, жаңа көзқарасты ұстаз болуым үшін, жан-жақты ізденіс жасап, өз шәкірттерімнің алған білімдерін болашақта өмірлік қажеттеріне жарайтындай жағдай жасау керек деген мақсат қойдым.

Сабақтарда қолданатын белсенді әдіс-тәсілдерім: «Кемпірқосақ», «Ойлан, жұптас», «Табан ізі», «Ақпаратты түйіндеу», «Суреттерді сөйлету», «Желпуіш», «Кір жаю», «Түстерді таңдау», «Құстың ұясы», «Кір жуу», «Шыбын ұру». Ал, осы әдіс-тәсілдерді сабақ үдерісінде тиімді пайдалану үшін сабақ мақсаты нақты әрі қол жетімді болуы керек. Өйткені, сабақтағы ең маңыздысы – қойылған дұрыс мақсат пен күтілетін нәтижелер.

Дұрыс қойылған мақсат күтілетін нәтижелерге жету жолында нақты іс-әрекетке жетелейді. Белсенді әдіс-тәсілдердің сабақтарда пайдаланудың тиімділігі оқыту формаларын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күнде бастауыш сыныпта негізгі пәндерді сапалы оқыту ізденістері – мұғалімді толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, оқушы өзі сүріп отырған өмірінің озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Төртінші сыныпта қазақ тілі пәні бойынша «Жатыс септік» тақырыбын меңгеруде. Бөлім мен бөлімше тақырыбын анықтау мақсатында ұжымдық жұмыс арқылы шешуге «Кемпірқосақ» әдісін алуға болады. Жұптық жұмысты ұйымдастыру барысында «Ойлан, жұптас» әдісін іске асыру арқылы, екі оқушы жұпта жаттап, ортадағы ақ параққа жазады. Топтық жұмыс барысында «Ақпаратты түйіндеу» әдісін пайдаландым.

Суреттерді сөйлету арқылы ой-пікір, тұжырымдар жасайды. «ҚҚҚ» әдісі арқылы, оқушылар сабақтан алған әсерлерін, ұсыныс, тілектерін стикерге жазып, жапсырмалады. Ал, сабақтың нәтижелігін көрсететін кезеңнің бірі – бағалау. Белсенді әдістерді қолдану арқылы мұғалім оқушының ойлануға, практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкін жасайды. Оқыту мен оқудағы белсенді әдіс-тәсілдердің түрлерін сабақ үрдісінде пайдалануда мынадай нәтижеге көз жеткіздім. Нәтиже: оқушы белсенділігі артады; сабақта алған білімін жинақтайды; саналы түрде ойлауға үйретеді; өздігінен білім алуға үйренеді.

Қорыта айтқанда, жаңа әдіс арқылы бүгінгі күні білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға, олардың оқу еңбегіне деген жағымды мотивациясын қалыптастыру үшін, тиімді инновациялық шешімнің бірі – сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану ұстаздың біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты.

# Ағатушы мұрасындағы дидактикалық ой-пікірлер

**Ақын, жинақтаушы-фольклорист, ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогикалық көзқарастарының қалыптасуымен байланысты мәселелері біздің алдымызға көптеген талаптар қойды. Оның ішінде дүниеге келген, тәлім-тәрбие алған ортасын, қоғамдық қызметін зерттеу және XIX-XX ғасыр аралығындағы болған тарихи, әлеуметтік, мәдени жағдайларға мұқият талдау жасау қажеттілігі алғашқы кезекте болды.**

Мақаланың зерттеу жұмысын орындау барысында алға қойылған бірінші міндетті шешу үшін тарихи оқиғаларға тоқталып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасындағы дидактикалық ой-пікірлерді баяндап, сипаттау ұсынылды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кейінгі ұрпаққа қалдырған мол діни, тарихи және әдеби мұраларын еліміздің болашағы – жас жеткіншектеріміздің санасында екені мәлім. Қазіргі таңда Машһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы Қазақстан әдебиеті мен қоғамында лайықты орын алып, оның шығармалары 20 том болып басылып, кейбірі ағылшын тіліне аударылған.

Әр уақытта Машһүр Жүсіп Көпейұлының төл туындылары қазақ поэзиясының әдеби хрестоматияларына, оқулықтар мен жинақтарға енді. Оның терең ізденістері мен болжамдары оқырмандарды қазақ көріпкелінің өшпес мұрасына қайта-қайта жүгінуге мәжбүрлейді, сол арқылы отаншылдыққа, ұлттық дәстүрімізді қастерлеуге тәрбиелеу. Атақты ақын, ғұлама оқымысты Мәшһүр Жүсіптің көп қырлы талант екені елге мәлім. Ақынның үш бірдей кітабы – «Көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты жыр жинағы жарық көрген.

«Миғраж», «Хаятбақшы», «Қорқыт», «Гүлшат-Шеризат» деп аталатын қисса-дастандарын, публицистикалық этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысын айрықша атап айтқан абзал. Өз шығармаларында сол кездегі қоғамды меңдеп кеткен әлеуметтік қайшылықтарды ашық түрде сынап жазды. Ағартушының халқының басынан кешкен ауыр тағдырына байланысты жан айқайы өлең жолдарында айқын көрінеді.

Машһүр Жүсіп Көпейұлы ғасырлар бойы ата-бабасы қан төгіп, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен басқыншылардан қорғап қалған жерлерінің өз ұрпақтарына тимегенін, қазақ халқының басынан кешкен қиындығын шынайы суреттеп көрсетеді. Ол өлеңдерінде әркім өз еңбегімен күн көрсін дегенді үндейді, сонымен бірге біреудің есебінен тірлік кешу арамтамақтардың ісі екенін де есінен шығармаған.

Ақын адам өміріндегі ең бір қымбат дүние достық екенін, досы мол жанның бақытты екенін жан-жақты толғайды. Ұлттың ұлы ғұламасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы дидактика мен өсиет сөзге бай. Бүгінгі күні ұлттың санасын ояту, ұлттық кодын анықтау мен тарихын тану үшін ұлы тұлғалардың еңбектерін оқып-үйренуі міндет.

**Орынбасар ГАБДУЛЛАЕВА**

# Тәжірибе алмасу – педагогтің кәсіби дамуы

**Бәсекеге қабілетті ертеңгі тұлға – бүгінгі оқушы. Біз білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп отырған оқушыларымыздан үміт көп. Олар – дамыған елдермен тереземізді теңейтін, иық тірестіре отырып бәсекеге түсіретін болашақ ұрпақ. Сол ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру – әр ұстаздың міндеті мен парызы.**





**Нурсулу ИГИЛИКОВА,**
**№177 жалпы білім беретін мектептің ағылшын тілі пәні бірлестігінің жетекшісі,**
**Алматы қаласы,**
**Жетісу ауданы**

Әрбір ұстаздың алдында тұрған бірінші мақсат – оқытудың тиімді жолдарын таба білу. Жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгінің талабы. Бүгінгі жаһандану уақытында тілдерді білу – ең басты критерий. Ағылшын тілін тереңдетіп, жан-жақты оқытуды қоғам, уақыт қажет етіп отыр. Мектеп қабырғасында оқушылардың шет тілін дұрыс меңгеріп шығуы – ағылшын тілі мұғалімдерінің шеберлігін талап етеді. Білім беру жолдарын оңтайландыру мақсатында қала ұстаздарының арасында түрлі тәжірибе алмасу семинарлары, практикалық сабақтар, ойталқылар өткізілуде.

Педагогтің кәсіби дамуына ықпалы зор әрекет – тәжірибе алмасу. Тәжірибе алмасудың ұтымды тәсілі – семинар. Семинардың ерекшелігі – әдістемелік тәжірибе алмасу бағытында өтетін іс-шаралардың теориялық әрі практикалық жақтарының толық қамтылуы болып табылады. Мұғалімдер үшін тиімді жағы басым, өйткені екі жақты мәселені көре біледі, талдай біледі және өз іс-тәжірибелерінде қолданады.

Ал, оқушыға тақырыпты меңгеру деңгейін, білім алуға құштарлығын, шығармашылығын, ынта-жігерін дамытуға жол ашары сөзсіз. Біздің білім ордасында ағылшын тілі пән бірлестігінің бастамасымен қала мұғалімдеріне «Тиімді интеграцияланған дағдылар стратегиялары арқылы оқушыға бағытталған оқытуды дамыту» тақырыбында әдістемелік семинар ұйымдастырылды. Басқосудың мақсаты – оқушылардың оқу дағдыларын дамыту үшін интеграциялық дағдыларды оқытудағы озық педагогикалық тәжірибемен бөлісу болатын.

Және ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістерін тиімді пайдалану жолдарын көрсету, сабақ барысында тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым дағдыларын дамытудағы әртүрлі әдістерді қолдана отырып, ағылшын тілі мұғалімдері арасында тәжірибе алмасты. Шараға шаһардың барлық аудандарынан 53 ағылшын тілі пәні мұғалімдері қатысты. Мектебіміздің директоры Таңатов Тұрсын Таңатұлы алтын ұяның он жылдық тарихындағы жетістіктерін таныстырып, келген қонақтарға ризашылығын білдірді.



Мектептің ағылшын пәнінің мұғалімдері Сахитова Кенжегуль Слямжановна, Игиликова Нурсулу Зейнегабыловна, Токтарбаева Айнур Бакыткелдиевна және Мошкалова Перизат Надирбекқызы коучинг, шебер сабақ және тренингтер өткізді. Пән мұғалімдері әртүрлі стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді, интеграциялық дағдыларды сабақта тиімді пайдаланып, ағылшын тілінде оқудың төрт дағдысын сабақта дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануда тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың танымдық қызығушылығын арттыратынын айрықша атап айтты.

НА СТРАЖЕ ЗАКОНА

# Правовое положение государственного обвинителя и его роль в уголовном процессе

**Государственный обвинитель – это один из основных участников уголовно-судебного разбирательства. Выступая в данном процессуальном статусе, сотрудник прокуратуры осуществляет доказывание вины подсудимого, изобличает его мотивы и цели совершения преступления, а также опровергает доводы, выдвигаемые стороной защиты.**




Сформулируем понятие «государственное обвинение».

В пункте 28 ст. 7 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК) дается определение государственного обвинения. Так, под обвинением понимается процессуальная деятельность прокурора в суде первой и апелляционной инстанции, состоящая в доказывании обвинения с целью привлечения к уголовной ответственности лица, совершившего уголовное правонарушение.

Деятельность прокурора в суде сложна и многогранна. Доказывание в суде является одним из важнейших направлений работы государственного обвинителя, способствующих установлению истины судом для вынесения обоснованного и справедливого решения.

Характерным для участия прокурора в уголовном судопроизводстве является то, что такое участие должно быть личным и непосредственным. Прокурор должен принимать фактическое участие в судебном разбирательстве. Прокурор, осуществляющий надзор за применением законов при рассмотрении уголовных дел в суде, не может воспользоваться правом лица, участвующего в деле, и ходатайствовать перед судом о рассмотрении дела в его отсутствие, поскольку это исключает реализацию его надзорных правомочий.

Участие в судопроизводстве прокурора как представителя органа, осуществляющего высший надзор за точным исполнением законов, является одним из основополагающих принципов уголовного процесса в Республике Казахстан. Своим участием в судебном разбирательстве прокурор оказывает содействие суду полно, объективно и всесторонне исследовать обстоятельства дела, дать верную правовую оценку действиям подсудимого, а также назначить справедливое, основанное на законе наказание.

Рассмотрим качества, присущие государственному обвинителю:

– эмоционально-волевая устойчивость;

– коммуникативная компетентность;

– организаторская способность;

– эрудированность и многое др.

Остановимся на правовом положении государственного обвинителя.

В соответствии со ст. 337 ч. 1 УПК участие в главном судебном разбирательстве прокурора в качестве государственного обвинителя обязательно, за исключением дел частного обвинения.

Согласно ч. 4 вышеуказанной статьи, прокурор представляет доказательства и участвует в их исследовании, излагает суду свое мнение по существу обвинения, а также по другим вопросам, возникающим во время судебного разбирательства, высказывает суду предложения о применении уголовного закона и назначении подсудимому наказания.

Кроме того, на прокурора возложена обязанность по опровержению доводов стороны защиты.

Справочно: п. 6 Нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан №4 от 20.04.2006г. – если ходатайство об исключении доказательств как недопустимого заявлено подсудимым, его законным представителем, защитником, по мотиву получения его с нарушением требований закона, то эти доводы опровергаются государственным обвинителем.

Наряду с этим государственный обвинитель наделен правом предъявления по делу гражданского иска, если этого требует охрана прав граждан, государственных или общественных интересов.

Эффективность данного института подтверждена при рассмотрении уголовных дел о хищениях в «Астана LRT», уклонении от уплаты налогов, незаконной предпринимательской деятельности, по которым удовлетворены гражданские иски прокурора о взыскании материального ущерба около 6 млрд тенге в пользу государства.

Как известно, в целях реализации принципов состязательности, гуманности и публичности широко распространяется институт присяжных заседателей. Для демократического, суверенного, современного государства суд с участием присяжных заседателей является олицетворением справедливости и доверия к судебной системе.

В контексте развития данного института также уделяется большое внимание подготовке государственных обвинителей к судебным процессам с участием присяжных заседателей.

В стенах прокуратуры города систематически проводятся тренинги, обучающие семинары, направленные на овладение государственными обвинителями навыков по качественному поддержанию государственного обвинения. Среди государственных обвинителей города проводятся конкурсы, по результатам которых определяются лучшие государственные обвинители.

Таким образом, правильно организованный и осуществляемый в строгом соответствии с законом прокурорский надзор за исполнением законов при рассмотрении уголовных дел в судах призван всемерно способствовать справедливому правосудию, усилению борьбы с преступностью и предупреждению правонарушений. Осуществление прокурорского надзора в уголовном судопроизводстве способствует как предупреждению нарушений, так и их устранению, если они уже допущены.

**Арман КИЗИКЕН,**
**старший прокурор**
**2-го Управления**
**прокуратуры г. Астаны**

# Проблемы наркомании среди молодежи и пути их решения

**Проблема наркотиков и увеличения числа потребителей и курьеров, распространяющих наркотики, среди молодежи является серьезной и тревожной для общества. В настоящее время наблюдается опасное увеличение потребления наркотических веществ среди молодежи, и в связи с этим возрастает спрос на курьерскую работу в этой сфере.**

Наркотики имеют разрушительное воздействие на физическое и психическое здоровье человека. Они вызывают пагубную зависимость, выведение из строя органов и систем организма, снижение способности к обучению и продуктивной деятельности. Молодежь, попадая в ловушку наркотиков, становится уязвимой, подверженной риску различных заболеваний и эксплуатации.

Одной из основных причин увеличения числа курьеров среди молодежи является мнимая выгода в этой сфере. Легкий заработок больших денег становится привлекательным выбором для тех, кто находится в безвыходной ситуации или стремится нести материальную ответственность за свою семью.

Проблема увеличения числа курьеров, распространяющих наркотики, среди молодежи и последующего их осуждения на длительные сроки тюремного заключения, а именно согласно Уголовному кодексу РК от 10 лет до 15 лет лишения свободы, вызывает серьезную озабоченность в современном обществе. Это явление не только губит молодежь, но и влечет за собой негативные последствия для всего общества в целом.

Существует множество причин, которые способствуют увеличению числа молодых курьеров наркотиков. Главной причиной является слабость и обращение некоторых молодых людей к наркотическим веществам, просвечивающая через различные социальные сферы и масштабирующая их потребление. Факторы, такие как дружеская среда, информационные технологии и доступность запрещенных препаратов, играют существенную роль в формировании этой проблемы.

Один из важных вопросов, связанных с увеличением числа курьеров наркотиков, заключается в том, что зачастую молодые люди не осознают масштабы и возможные последствия своих действий. Они подвергаются влиянию искушений, легко склонны к обещаниям быстрого и легкого заработка, не оценивая риски и последующую ответственность за свои действия. В результате молодые люди оказываются втянутыми в преступную среду и становятся пешками в опасной игре, сопряженной с огромными уголовными последствиями.

Тюремное заключение на длительные сроки – это одно из самых серьезных и жестких наказаний, которые молодые люди могут получить за участие в незаконных наркотических операциях. После этого опыта многие из них сталкиваются с проблемами социальной реабилитации и непростыми условиями возвращения к нормальной жизни. Такие длительные тюремные сроки не только уничтожают будущее молодых людей, но и влекут за собой серьезные экономические, социальные и эмоциональные издержки для общества.

Согласно отчетным данным аналитической базы ЕРДР за 2023 год по преступлениям, связанными с наркотическими веществами, осуждены к различным видам наказания, в том числе к лишению свободы, более 1500 человек, возраст которых на момент совершения преступления составлял от 16 до 25 лет.

К примеру, в начале 2023 года Специализированным межрайонным судом по уголовным делам г. Астаны за незаконное хранение при себе в целях сбыта психотропного вещества «мефедрон» весом 789,12 грамм, то есть в особо крупном размере, осужден к 10 годам лишения свободы молодой человек 2004 года рождения, который устроился на работу курьером через мессенджер Telegram и хотел заработать легкие деньги.

Данная статистика подчеркивает необходимость принятия немедленных мер по предотвращению распространения наркотиков и социальной реабилитации молодых людей, вступивших на этот опасный путь.

С целью решения проблем увеличения курьеров наркотических средств среди молодежи необходимо принять совокупность мер на различных уровнях. Во-первых, необходимо улучшить профилактическую работу среди молодежи, поддерживая программы информирования и разъяснения о вреде наркотиков, привлекая молодых людей к активному и здоровому образу жизни. Во-вторых, важно разрабатывать программы по ресоциализации осужденных, обеспечивая доступ к образованию, квалификации и трудоустройству после освобождения из тюрьмы. В-третьих, необходимо психологически поддерживать молодых людей, столкнувшихся с наркотиками, рассмотреть меры по предоставлению помощи и реабилитации для тех, кто уже оказался втянутым в эту проблему. Кроме того, необходимо усилить работу правоохранительных органов, обнаруживая и пресекая операции, связанные с незаконным оборотом наркотиков, на самых ранних стадиях.

В целом проблема увеличения числа курьеров наркотиков среди молодежи и последующего осуждения их на длительные сроки тюремного заключения требует комплексного подхода со стороны общества. Профилактическая работа, поддержка и ресоциализация осужденных, а также более жесткие меры, направленные на борьбу с незаконным оборотом наркотиков, могут помочь решить данную проблему и спасти молодое поколение от немыслимых последствий, связанных с наркотической зависимостью и преступностью.

**Алдияр БАҚЫТЖАН,**
**старший прокурор**
**2-го Управления**
**прокуратуры г. Астаны**

ЕРІКТІЛІК

# Ішкі тепе-теңдік хоббиі




**Біздің қазіргі және жылдам өміріміз алаңдаушылық пен күнделікті міндеттерге толы, көпшілігіміз жиі стресс пен ыңғайсыздықты сезінеміз. Ішкі тепе-теңдікті табу және өмірден ләззат алу жолдарын іздеуде көптеген адамдар әртүрлі хобби мен іс-шараларға жүгінеді.**

Біздің ішімізде үйлесімділікке жетудің ең тиімді әдістерінің бірі – еріктілік. Осы бір жақсылықтың жаршысы болып, он жылдан аса уақыт бойы біздің білім ордасында «Аққайың еріктілері» тобы жасақталды. Мектебіміздің адал ниетті, елім деп жүрегі елжіреп жүретін, шынайылықпен ізгі ниетке толы жұмыр жүректі мектебіміздің оқушыларынан құралған. Осы еріктілердің ерлігін көрсетіп, мойындатып жүрген және жетекшілік жасап жүрген жас маман педагог-психолог – Әбілхаева Гүлдана Нәдірғалиқызы.

Жыл сайын «Аққайың еріктілері» ауылымыздың өркендеуіне үлес қосып келе жатқан ерікті жандар. «Батаменен ел көгерер» деген асыл сөзді ұран етіп, «Қарттар күні» және «Жеңіс күні» мерекелерінде ауыл қарттары мен тыл еңбеккерлеріне көкеніс бақтарын жыртуға, аулалар мен іргелес аумақтарды тазалауға, қыс мезгілінде отын дайындауға көмек қолын созып, қарттарымыздың батасы мен алғысын алып жүр.

«Ауылым – алтын бесігім» деп, кішкентай жүректі еріктілеріміздің атқарылып жатқан еңбектері өлшеусіз. Ауылымыздың сәні мен көркін келтіретін алма бақтарын, нәрлі сулы бұлағын қоқыстардан тазартып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді. Еліміздің ертеңі болашақ еріктілердің қолында. Себебі елі үшін, туған жері үшін өлшеусіз аянбай еңбек етіп, келешек жас буынға үлгі болып, қызмет жасап жүр.

Саламатты өмір салтын сақтау, насихаттау аясында «Аққайың еріктілері» жүйелі түрде «Барлығына арналған веложарыс», «Жүгіруші күні», «Біз футболдамыз» атты спорттық шаралар ұйымдастырады. Жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін ояту мақсатында «Ел рәміздері – ел рухы» тақырыптық жобаларын ұйымдастырды, «Жасыл мекен», «Мен қазақпын» челленджеріне қатысады.

Жергілікті еріктілер дәстүрлі түрде «Таза табиғат», «Туған жеріміздің табиғатын сақтайық!», «Қоғамға қызмет», ««Eko-bolashak»» атты республикалық науқандар мен экологиялық марафондарға қатысады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Еріктілер қарапайым адамдардың мүддесі үшін мейірімділіктің, шынайылықтың символына айналды», – деген сөзінің дәлелі ретінде шәкірттеріміздің ұйымшылдық игі істерін айрықша атап айтқан абзал.

Ұзақ уақыт бойы ізгілік пен адамгершіліктің символы болған еріктілер тобы биік белестерді де бағындырып жатыр. Оның дәлелі мектеп еріктілерінің қажырлы еңбегі еленіп, «Аудандық жастар сыйлығы-2023» байқауында «Үздік волонтёрлық топ» аталымы бойынша аудан әкімі М.Ысқақовтың атынан марапатталды.

Біз «Аққайың еріктілері» әрқашан, әр уақытта еліміз үшін еңбек етуге дайынбыз! Еріктілік – бұл басқа адамдарға ғана емес, еріктінің өзіне де көмектесетін маңызды және құнды хобби. Ол ішкі тепе-теңдікті қамтамасыз етуге, мағына мен қанағат сезімінен ләззат алуға және тұлға ретінде дамуға мүмкіндік береді.

**Гүлжан ЗАКИРОВА,**
**Аққайың жалпы орта білім беру мектебінің директоры,**
**Г.ӘБІЛХАЕВА,**
**мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары,**
**Ақтөбе облысы,**
**Мәртөк ауданы**

АФИША

# Мировая премьера оперы «The Bruce» композитора-болашакера Рахат-Би Абдысагина

**Впервые опера казахстанского композитора прозвучит в четырех городах Великобритании.**




17 февраля 2024 года в Кафедральном соборе Глазго состоится мировая премьера оперы «The Bruce» докторанта программы «Болашақ», композитора-пианиста Рахат-Би Абдысагина. Опера расскажет о короле Шотландии Роберте I Брюс. Опера станет музыкальным мостом между прошлым и будущим и раскроет личность одного из величайших шотландских монархов, борца за независимость.

Либретто основано на одноименной средневековой поэме Джона Барбура «Брюс», написанной около 1375 г., и является основной частью докторского исследования Рахат-Би в Королевской консерватории Шотландии и Сент-Эндрюсском университете.

Произведение представляет собой соборную оперу, новый жанр, предназначенный для исполнения в акустическом зале собора. По словам композитора Рахат-Би, опера расскажет историю о свободе и добродетели, личности и власти, борьбе и стойкости, как один человек способен кардинально изменить жизнь целого народа.

Премьера приурочена к 750-летию со дня рождения Роберта Брюса и пройдет в четырех знаковых соборах Великобритании:

• 17 февраля в Кафедральном соборе Глазго. В данном соборе Роберт Брюс впервые был признан королем Шотландии;

• 21 февраля – в соборе Святого Джайлса в Эдинбурге. Собор основан до войны за независимость и играет важную роль во многих исторических моментах. В соборе проходила первая из множества поминальных служб по Королеве Елизавете II. Также в данном месте прошла церемония представления к короне Шотландии Карла III;

• 24 февраля – в часовне Святого Сальватора Университета Сент-Эндрюс. Король Роберт I Брюс присутствовал на официальном освящении собора в 1318 году;

• 3 марта – в Аббатстве Данфермлайн. Место захоронения Роберта Брюса.

В постановке примут участие оперные певцы и дирижёры Королевской консерватории Шотландии. Актерский состав состоит из исполнителя роли Роберта Брюса (тенор), чтеца, ансамбля певцов и органа. Органную партию сыграет сам Рахат-Би Абдысагин.

Аристократическая династия Брюс оказывает всестороннюю поддержку организации оперы. Предисловие к опере написал 37 глава клана Брюс, граф Элгин и Кинкардин Эндрю Брюс. Также Клан Брюс оказали содействие в предоставлении костюмов артистам труппы для воссоздания исторической эпохи.

Информация о бронировании билетов доступна на сайте АО «Центр международных программ bolashak.gov.kz». Посещение оперных представлений бесплатное при предварительном бронировании.

Отметим, казахстанский композитор и пианист, магистр искусствоведческих наук, лауреат государственной премии «Дарын» Рахат-Би Абдысагин – выпускник программы «Болашақ». В 2022 г. выиграл стипендию «Болашақ» и уехал проводить докторское исследование по специальности «Музыка» в Royal Conservatoire of Scotland.

**«Білімді ел – Образованная страна» газетіне енді Қазпоштаның сайты мен Post.kz мобильді қосымшасы арқылы жазылуға болады!!!**

Ол үшін клиенттерге: **https://post.kz/internet-subscription** сілтемесі бойынша тіркелу немесе телефонға **Post.kz** қосымшасын орнату қажет.

Басылымды фильтр көмегімен немесе тез іздеу батырмасы арқылы **64603** индекс пен ***«Білімді ел – Образованная страна газеті»*** басылым атауын теру жолымен таңдауға болады. Жазылу үшін басылым санын, 6 ай жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банк картасымен төлем жасауы керек.

*Қызмет 24/7 қолжетімді* және жеткізілім клиент көрсеткен мекенжай бойынша іске асырылады.



**Оформить подписку на газету «Білімді ел – Образованная страна» теперь можно онлайн на сайте Казпочты и в приложении Post.kz!!!**

Для этого клиентам необходимо зарегистрироваться по ссылке: **https://post.kz/internet-subscription** или установить в телефоне приложение **Post.kz.**

Введите индекс **64603** и наименование газеты ***«Білімді ел – Образованная страна»*** в строке быстрого поиска или с помощью фильтров. Для оформления подписки клиенту необходимо указать количество комплектов, срок подписки 6 месяцев и произвести оплату платежной картой любого банка.

*Услуга доступна 24/7*, доставка осуществляется на адрес, указанный клиентом.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

У частного нотариуса г. Астаны Нуралиной Ульяны Владимировны открыто наследственное дело после смерти гр. ДЖАКУПОВОЙ КУЛЯНДЫ КИНАЛГАНОВНЫ, умершей 23 августа 2023 года. Наследникам обращаться по адресу: город Астана, ул. Куйши Дина, дом 30, ВП 8. Тел: 87014432701.

Договор о передаче в собственность недвижимого имущества №6455 от 19.09.2016 г. *г. Астана, р-н Есиль, ул. Дінмұхамед Қонаев, д. 29, н.п. 1А* и Договор о передаче в собственность недвижимого имущества №6455 от 19.09.2016 г. *г. Астана, р-н Есиль, ул. Дінмұхамед Қонаев, д. 29, н.п. 1д* на имя ТОО «Asia Mix Astana», БИН 160840021697, выданные нотариусом Смаиловой Айгерим Мухтархановной, считать недействительными в связи с утерей.

Бас редактор:
**Ләззат Мақсұтқызы Түркістанова**

«Білімді ел – Образованная страна» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті.
Меншік иесі: «Қазақстандық білім беру газеті» ЖШС. Тіркеу туралы куәлігінің нөмірі №16015-Г Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен 02.06.2016 жылы берілген. Жазылым индексі 64603.

Шығарушы редактор: **Жанет Сүлейменова** (тел. 87015304959 – жарияланымдар бойынша)
Дизайн және беттеу: **Эрик Муратов**

**Редакция мекен жайы:**
ҚР, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 58 А НП 18.
**E-mail:** bilimdi_el@mail.ru

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Газет жарияланымдарындағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты, ал жарнамалар мен хабарландырулар бойынша жауапты тұлғалар – жарнама берушілер. Газет «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС баспаханасында басылған, Астана қ-сы, Жұбанов к-сі, 24/1.

**Таралымы:** 15 000 дана
**Тапсырыс:** 29
Газет апта сайын сейсенбіде шығады

АЙМАҚТАР

► ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

# Ұстаздың жолы ұлылық

**Қармақшы аудандық білім бөлімі мене «Qadam» жастар ресурстық орталығы және Сыр сүлейі атанған атақты жырау Омар Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебімен бірлескен жұмыс жоспарға сәйкес «Білімді ұрпақ. Адал адам. Өркениетті қоғам!» тақырыбында Қармақшы ауданының құрметті азаматы, ардагер педагог, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Дәмелі ұстаз Жалғасбаевамен кездесу ұйымдастырылды, – деп хабарлайды Қызылорда облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.**



Шараның мақсаты – Дәмелі Қожахметқызының еңбек жолын, қызметке деген адалдықты, жастардың бойындағы патриоттық сезімді қалыптастыру, оқушылардың білімге деген құштарлығын ояту болып табылады. Басқосу барысында ұстаздың еңбек жолынан бейне роликтер көрсетіліп, оқушылар тарапынан сұрақтар қойылды.

Жүздесуге ардагер ұстаздың шәкірттері Қаратаева Райкүл, Айбытов Асылжан, Сүлейменова Арайлым және білім бөлімінің әдіскері Тоқшылықова Ақтолқын қатысып, ардақты аға буын өкілінің білім саласындағы ерен еңбегін айтып, естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ, осы білім ұясының оқушылары кездесу кейіпкеріне арнау айтып, естелік ретінде сый-құрметтерін табыстады.

► АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

# Мектептердегі үш мыңнан астам жас инспектор

**Бүгінгі таңда жергілікті мектептердің бастауыш және орта буын сыныптарында сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы іске асырылуда. Өмір қауіпсіздігі негіздері «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы аясында оқытылады. Сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі, – деп хабарлайды Ақмола облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.**

Биылғы оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру ұйымдарында оқушылармен және ата-аналармен кездесулер, дәрістер, дөңгелек үстел түрінде бір мың бес жүзден астам профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, 334 оқу орнында «Жас қозғалыс инспекторлары» жасақтары құрылды. Олардың жұмысы оқу жылы бойы жүргізіледі. Үш мыңнан астам қозғалыс қатысушылары мектепке балалардың жолкөлік жарақаттануының алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі.

Және қатарластары арасында жол қозғалысы ережелерін (қала көшелері мен жолдарындағы қауіпсіз мінез-құлық) насихаттайды. Сонымен қатар, жас инспекторлар қосымша білім беру мекемелерінде де бар. Жыл сайын білім басқармасы мен полиция департаменті дәстүрлі түрде «Жас қозғалыс инспекторлары» слётін бірлесе өткізіп келеді. Білім басқармасы мен бөлімдері полиция органдары қолға алған «Жасеспірім», «Автобус», «Назар аударының – балалар!» жедел-профилактикалық іс-шараларға белсенді түрде қатысуда.



► ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

# Ұлттық құндылықтар тоғысы



**Қазіргі қазақстандық білім беру саласында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Амангелді ауданы білім бөлімінің Жасбуын жалпы білім беретін мектебінде бағдарлама аясында кешенді жобалар ұйымдастырылып келеді, – деп хабарлайды Қостанай облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.**

Сондай іс-шаралардың бірі «Ұлттық құндылықтар тоғысы» тақырыбында Мырзахмет Елікбайұлы атындағы өнер кабинетінде өтті. Мырзахмет Елікбайұлы атындағы өнер кабинеті жаңа оқу жылында оқушылардың ұлттық төл өнерді меңгеріп, қазақ халқының қолөнер туындыларын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында ашылған болатын.

Бұл кабинетте 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Амангелді Имановтың ұста-сарбазы болған Мырзахмет Елікбайұлының қолынан шыққан туындылары, зергерлік бұйымдар, ұлттық нақыштағы туындылар жинақталған. Басқосу барысында мектеп директоры Әбдуахитов Әділхан Әбдіғалымұлы және тәрбие ісі орынбасары Мырзахметов Қайыржан Қалиханұлы оқушыларға Мырзахмет Елікбайұлының өмірі, шығармашылығы, мұраларымен таныстырды. Ұлттық өнер мен зергерлік туындылар жөнінде танымдық ақпараттар берілді.

► ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

# Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы



**Талдықорған қаласында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді жолдарын қарастыру, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуына ықпал ету мақсатында «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту маңыздылығы» тақырыбында өңіраралық семинар ұйымдастырылды, – деп хабарлайды Жетісу облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.**

Семинардың пленарлық жұмысына педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жалпы даму пәндері зертханасының жетекші ғылыми қызметкері А.Дюсенбаева, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Ә.Қамбатырова, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті география және экология кафедрасының профессоры, география ғылымдарының докторы Б.Абдиманапов, Маңғыстау, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының, сондай-ақ аймақтың педагогтері қатысты.

Нұрлан САБЫРБАЙТЕГІ